ДАҒУАТ ЖАРҒЫСЫ

ТУРА ЖОЛДАҒЫ ДАҒУАТ ІСІН ЖАСАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

ҺИШАМ ЯХИЯ ӘТ-ТАЛИБ

ДАҒУАТ ЖАРҒЫСЫ

ТУРА ЖОЛДАҒЫ ДАҒУАТ ІСІН ЖАСАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

Халықаралық ислами ой институты

Бишкек 2022

УДК
ББК

Кітаптың авторы: Һишам әт-Талиб
Кітапты араб тілінен қазақ тіліне аударған: Мухитдинов Рашид Сражович
Б.: 2022
Кітап редакторы: Бекболатова Макпал

Бұл кітап авторлық құқықпен қорғалған. Ұжымдық лицензиялық келісімге қолданылатын заңды ерекшеліктер мен ережелерді қоспағанда, кітаптың бірде-бір бөлігі баспагердің жазбаша рұқсатынсыз кез-келген түрде көшіріле алмайды. Бұл кітапта айтылған көзқарастар мен пікірлер автордың көзқарасы және баспагердің пікірімен сәйкес келуі міндетті емес. Сыртқы және шетелдік веб-сайттар жағдайында баспагер URL мекенжайларының дұрыстығына жауап бермейді және мұндай сайттардағы мазмұнның дәл немесе маңызды болатындығына кепілдік бермейді.

Қырғызстан діни мұсылмандары басқармасы
№-30 «23»

Дағуат жарғысы: Тура жолдағы дағуат ісін жасауға бағытталған (Kazakh)
Һишам әт-Талиб

© Халықаралық ислами ой институты (IIIT)
1442 AH / 2021 CE
Paperback ISBN:

Inviting to Islam: Ethics of Engagement (Kazakh)
Hisham Altalib

The International Institute of Islamic Thought (IIIT)
1436 AH / 2014CE
ISBN 978-1-56564-659-9 Limp
IIIT
P.O.Box 669
Herndon, VA 20172, USA
www.iiit.org

Барлық құқықтар сақталған

УДК
ББК
© Һишам әт-Талиб, 2022

МАЗМҰНЫ

Екінші басылымның кіріспесі..... 6
Бірінші басылымның кіріспесі.....8
Жарғы жөніндегі көзқарас.....14

Бірінші өзек (мәселе): Дағуат жасалатын ислам.....16

Екінші өзек: Ислами мәселелер.....23

Үшінші өзек: Дағуатшылар арасындағы жекелей және ұйымдық қарым-қатынастар.....27

Төртінші өзек: Дінге шақыру ісіндегі дамыту мен біліктілікті арттыру.....34

Бесінші өзек: Дағуат фиқһы.....42

Алтыншы өзек: Методикалық проблемалар.....50

Жетінші өзек: Мақсаттар мен құрал-саймандар.....59

Сегізінші өзек: Әдістегі сақтандыратын нәрселер.....63

Қорытынды.....71
Терминдердің түсіндірме сөздігі.....73

ЕКІНШІ БАСЫЛЫМНЫҢ КІРІСПЕСІ

Алғашқы басылымнан он жыл өткен соң, таза ниетпен, қырағылықпен, жетілдіруге деген ұмтылыспен және осы қиын жылдардағы оқиғалардан сабақ алуға болатын ғибраттарды мұқият түсіне отырып осы жарғыға қайта оралу-оның Аллаһтың разылығын іздеп, жалпы халыққа қызмет ететін игі іс екенін білдірмек. Сондай-ақ бұл игі іс сектаға, партияға, аймақ пен нәсілге қарай бөліну сынды тар түсініктен алыс болады. Онда заттың сыртқы бейнесінен бұрын ішкі мәні, құралына қарағанда мақсатын, формасына қарағанда мазмұны бірінші орындалып, осылайша оны барлығына ұсынылатын жұмыс құжаты ретінде сипаттауға болады, оның пайдасын көріп, артықшылықтарын мойындап, олқылықтары мен кемшіліктері туралы ескертеді және оларды дамытады.

Осы игі іс бойынша, екінші басылым дайындалды және маңызды ережелер қосымшалармен толықтырылды, тиянақты болып, разылыққа ие болу үшін және дәлелдері анық, кейбір тұсы толық, кейбір тұсы қысқа да нұсқа болу үшін кей сөз тіркестері өзгертілді. Осылайша бірінші басылымға қарағанда жақсырақ екінші басылымы жарыққа шығып отыр және бірінші және екінші басылымдарынан да жақсырақ үшінші басылымы дайындалады деген ойдамыз.

Бұл жарғы жақсы мақтауға ие. Оған профессор әс-Салих Салих әл-Хусейннің (Аллаһтың оған рахметі болсын) айтқан мағыналы мақтау мадағын айта кетсек те жеткілікті. Себебі ол көреген, шариғат заңдылығын терең игерген, заң саласының білгірі. Сонымен бірге оның парасаттылығына, жиі кездесе бермейтін ықыласы мен шынайылығына, ұстамдылығына ислам дініне қатысты жұмыстар мен ондағы ағаттықтарды жете білетін ерекшелігін қоса кеткен жөн. Ол біреуді мақтаса асыра сілтемей немесе тиісті мақтауды азайтпастан нақты орнымен мақтай білетін әдепті кісі. Аллаһ оны мейіріміне бөлеп, оған мұсылмандарға қайырлы іс көрсетуін нәсіп етсін. Сондай-ақ мен өзімнің зерттеуім толық әрі қатесі жоқ деп санамаймын. Себебі мұндай сипат елшілер мен пайғамбарларға тиесілі. Кімде-кім ғылымды толығымен игердім деп ойласа, өзін білімсіз еткені. Өйткені ғылым дегеніміз шеті жоқ тұңғиық теңіз.

Осы орайда мына бір сөзді айта кетуді жөн санаймын: «Мен қандай да бір жазушының бір күнде кітап жазғанын көрмеппін. Өйткені ол жазған күнінің ертесіне «мына жерді өзгертсе жақсырақ болады екен, былай қосылса жақсы болады екен, мынау алдына шықса жақсырақ болады екен, мына жазғаным алынып тасталса абзалырақ болады екен. Бұл ең үлкен ғибраттардың бірі, сонымен қатар бүкіл адамзаттың кемшіліксіз болмайтынына дәлел».[1]

[1] Бұл Абдуррахим әл-Бистәнидің сөзі. Сонымен бірге әл-Қәнужи Сыддық ибн Хасанның «Әбжәд әл-Улум «Әл-Уәши әл-Марқум фи бәян ахуал әл-Ғулум»» атты еңбегіне қараңыз. Тәхқиқ: Абдулжаббар Зәкар, Бейрут: *Дәр әл-Кутуб әл-Илмия*, 1978, 1-том, 70-б.

Кемшіліктен пәк болған бір Аллаһ тағалаға мадақ айтамын, құлшылық етуге лайықты Сенен басқа құдай жоқ екендігіне куәлік етемін. Бір Өзіңнен кешірім сұрап, Өзіңе ғана тәубе етемін.

Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның жанұясына және сахабаларына Аллаһ тағаланың сәлемі мен игілігі болсын.

Һишам әт-Талиб
2021-жыл

БІРІНШІ БАСЫЛЫМНЫҢ КІРІСПЕСІ

Ислам әлемінде ауқымды ислами қырағылық жүріп жатыр. Бұл ислам *үмбетін* оятуды, оны ғапылдықтан шығаруды, өз орнын сезінуін, дінін мақтан тұтып, артта қалудан шығу жолдарын табуды және өмір мен ойлау жүйесіндегі тәуелділіктен арылуды, одан құтылуды көздейтін позитивті берекелі құбылыс.

Ұлық Аллаһ тағала осы қырағылықтың мұсылман емес елдерге де жетуін қалады, себебі ол жерлерде ғылым мен жұмыстан шет қалған мұсылман қауым бар. Сол қауымның көз қуантарлық әрекеттерінің біріне олардың соңғы жылдарда жүйелі мекемелік жұмыс туралы ойлай бастағанын айтуға болады. Мұндай мекемелер оларға өздерінің діни және дүниелік мәселелеріне қатысты түсінік беретін *заңгерлік* орын болады, мәселелерін шешетін әкімшілік орын болады және олардың жұмыстарын жоспарлап, өздері тұратын мекендердегі ресми органдарға шығатын мекеме болады. Бұл істің пайдасы орасан жор. Себебі өзге елдердегі азшылық мұсылмандар білім алушы студенттің немесе жер кезіп қыдырып жүрген адамның немесе ризығын іздеп жүрген міскіннің арманынан да асып кеткен. Дегенмен, олар қауқарлы және таңдау жасау мүмкіндіктері болғанымен, кедергі бар, күш-жігерлер де шектеулі. Талпыныс бар болғанымен оның пайдасы мен әсері шамалы болып отыр.

КЕЙ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Бұл игі құбылыстар бірнеше формада болып, айналадағы жағдайларға байланысты әртүрлі көрініс болады. Ол кей эмигранттар үшін ислами орталық, немесе мешіт, инвестиция компаниясы, қаржы институттары, баспаналар үшін қарыз беру жобалары, журнал не газет, еңбек жазу, аударма жасау және тарату сынды жұмыс, қандай да бір тараптан *дағуат* жасауға жіберілген адам, мұсылман елінде ислам шариғатының орындалуын талап ететін топ, мұсылман елін оккупациядан азат ету жолында күресетін қозғалыс, т.б. формада болады.

Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығы талпындыруға және *дұға* етуге лайықты көңілге қуаныш сыйлайтын фактор екендігінде күмән жоқ болғанымен түзетуді, толықтыруды және жөн сілтеуге лайықты екендігін атап өткен жөн.

ТҮРЛІ ФАКТОРЛАР

Жоғарыда аталған қырағылық бірнеше фактордың жемісі және жекелеген, жүйеленген, сонымен бірге жоспарсыз, ресми және халықтық топтар талпынысының қорытындысы. Осы аталғандардан бұрын ол болмысынан шынайы, туа бітті сөз. Ол мұсылман *үмбетінің* өзіндік ақиқаты

мен түп негізіне қайтуына деген талпынысын білдіреді және бұл дін Ұлық Аллаһтың қорғауы мен қамқорлығында екеніне айқын дәлел болмақ.

Осы құбылысты зерттеп, оны тарих бетіне түсіргісі келген адамға келешекте оның белгілі бір замандағы нақты басталған мерзімін көрсету қиынға соғады. Осы құбылыс пен сол секілді ұғымдардың жасырын және айқын көнеден келе жатқан негізі болады. Сондай-ақ оған деген көрінетін және көрінбейтін орасан зор құлшыныстар болады.

Дағуат ісі үзіліссіз келе жатқан, бұрын да болған, қазір де бар, болашақта да бола беретін, тоқтауы мүмкін емес іс. Бұл іс кейде әлсіресе, кейде күшейеді, кейде қателессе, кейде дұрыс орындалады, кейде ауыр халге түссе, кейде сол ауыр халінен айығады, дегенмен оның бақылығы Аллаһтың заңы (жолы). Ал Аллаһтың заңы (жолы) жойылмақ та, өзгермек те емес.

БІРІН-БІРІ ТЕБУ ЗАҢЫ

Аллаһ тағала *Бақара сүресінің* 251-аятында: «Егер де Аллаһ адамдардың бірін бірімен тоқтатпаса, жер беті бұзылар еді. Бірақ Аллаһ – әлемдерге кеңшілік Иесі!» – деген. Ұлық Аллаһтың жұмсақтығы, мейірімі мен әділдігі барлық заңдарын жалпыға бірдей етуі. Сондай заңдарының бірі осы «Өзара ықпалдасу заңы». Ешбір тарапқа болыспайтын және ешкімге зияндық келтірмейтін, сонымен бірге жекелеген адамға, топқа немесе дінге бүйрегі бұрмайтын жалпыға ортақ және бейтарап заңдар. Бұл заңдардың алдында бәрі бірдей. Кімде-кім осы заңдармен жақсы мәміледе болса, қандай жағдайда да жеңіске жетеді. Ал кімде-кім онымен нашар мәміледе болса, қандай жағдай болса да сәтсіздікке ұшырайды.

Осы «Бірін-бірі тебу заңының» пайдалы тұстарының бірі оның дінге шақырушы *дағуатшыларға* өздері дайындап отырған жұмыстарын үміттендіріп, өмірді қозғалыссыз тоқтап қалу мен бүлінуден қорғайды. Сондай-ақ ол мұсылман адамға бұл ғаламның шынайы қорғаушысы Аллаһ тағала екендігін әрдайым есіне салып отырады. Бұл мұсылманның сенімін арттырып, жүрегіне тыныштық, тәуекел мен нәтижелілік бекітіп қояды.

Жамандық ішінен игілік жасайтын және игілік ішінен жамандық жасайтын Аллаһ даналығының (хикметінің) ұлылығында шек жоқ. «Өзара ықпалдасу заңы» әрдайым қолданыста болатын бірізді заң еткен Ұлық Аллаһтың даналығы ұлықтай берсін. Жердегі әрбір күш- қуат, мейлі қаласын не қаламасын, бір қалыпты әрекетте болады және ол өзгеге қозғау салатын әрі өзі де қозғауға түсетін әрекет. Осы әрекет арқылы мұсылманға да, мұсылман емеске де, игі адамдарға да, жаман адамдарға да ізгілік не жамандық жасауларына мүмкіндік туындайды. Онысы осы мүмкіндікті өз пайдасына жарата алуы мен жарата алмауына тікелей байланысты болмақ.

ЕРКІН БОЛУ ЖӘНЕ АЗАТ ЕТУ

Отаршылдық өз шыңына жеткен кезде Хижаз, Нәжд, Ауғанстан және Иеменнің кей бөлігінен өзге күллі ислам әлеміне үкімін жүргізіп тұрды. Дәл сол уақытта ислам *үмбеті* өзінің жерін қорғауды бастап, орасан зор күш жұмсап, нәтижесінде еркіндікке қол жеткізді. Жерін әскери отаршылдықтан азат еткені секілді, қазіргі таңды олар санасын мәдени отаршылдық ықпалынан құтқаруға тырысып бағуды.

Мәдени отаршылдық әскери отаршылдыққа қарағанда қауіптірек. Өйткені әскери отаршылдық жерді басып алады, адамдар оны өз көзімен көріп, жүрегімен жек көріп, онымен күресетін болады. Ал мәдени түрі адамның санасын, ақыл-ойын басып алады. Адамдар оны көздерімен көрмейтіндіктен оған бейжай қарайды, кейде тіпті оны жақсы көріп кетеді. Сондықтан да азат ету қазіргі таңдағы ислам *үмбетінің* алдында тұрған ұлы міндет. Себебі мәдени отаршылдықтың қауіп-қатері артып, құралдары жаңарып, әртүрлі формаға еніп, адамдарды адастырады.

Ислам *үмбетінің* осы мәселеде сарп еткен күш-жігері орасан екендігін растағанымыз әділ болмақ. Нәтижесінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді, дегенмен жасағанын әлі де тоқтатпай, мәдени отаршылдықтан жалпылама және нақты ажыраганша талпына беруі керек.

1967-ЖЫЛҒЫ ЖЕҢІЛІС

1967-жыл жаңа заман тарихындағы күрт өзгеріс болғанына қарамастан, сол кездегі арабтардың Израильден жеңілуі олар үшін рухани, саяси, әлеуметтік, әскери соққы болды. Нәтижесінде осы соққы жеңіске душар еткен басшыларға және олардың қабылдаған революциялық, зайырлы, социалистік, либералдық, ұлттық және дипломатиялық принциптеріне деген халықтың ашу ызасын тудырды. Осылайша халық бұл аталған принциптерден бас тартып, оны жек көріп, оның орнына баламасын іздеп, ислам дініне жүгінді. Бұл жерде таңқаларлық ешнәрсе жоқ, себебі олар мұсылман ғой. Оның үстіне топтар да жеке адамдар секілді бақытсыздық пен қиыншылық көрген кезде Аллаһ тағалаға оралады.

Осы жерде 1967-жылғы жеңіліс ислам *үмбетіне* алға жетелейтін күш-қуат берді деп айтуға болады. Сондықтан ол ислам тарихының маңызды бір белгісі болып қалады. Кімде-кім 1967-жылы болған жеңіліске бір сәт ойша саяхат жасайтын болса, онда ислам *үмбеті* осы жеңілісті еңсеруге деген әрекетін 1973-жылы Израильге қарсы соғысынан және 1989-жылғы Кеңес отаршылдығының Ауғанстандағы жеңілісінен көре алады.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ

Қырағылық бүкіл әлемде дамуын жалғастыра берді және осы даму жолында жылдан жылға, бір мекеннен екінші мекенге және бір *дағуат* мектебінен екінші мектепке өткен сайын белгілі бір дәрежеде қателік жіберіп отырды. Дегенмен бұл қателік жұмыстағы дұрыс істерді жоққа шығармақ емес және жалғасуын тоқтатқан емес. Керісінше *дағуат* ету әрекеті жалғасын тауып, 1991-жылы Кеңес Одағының құлап, ыдырау жағдайына куә болды және алға қарай қадам жасауға септігін тигізді. Себебі бұл ірі, орасан зор Одақ өз халқының қолында құлады. Нәтижесінде бір ірі держава болған ел өз алдына жеке-жеке мемлекеттерге айналды. Оның ыдырауы сол Одақ ұстанған атеистік сенімнің негізі болған коммунизм идеясының да құлауына себеп болды. Осының себебінен бұл идеология діндерге жалпылама, ал ислам дініне арнайы қастық жасаған еді. Осылайша ислам мен мұсылмандар ұзақ уақыт бойы зұлымдық көрген ірі жүйе жер бетінен жойылып, осындай ұлан асыр жерде дін уағыздау жұмыстары жүргізілуге үлкен мүмкіндік туды. Оның орнына жаңа елдер пайда болды. Бұл сілкініс те «Бірін-бірі тебу заңы» жемістерінің бірі. Барша іс бұрын да, кейін де бір Аллаһқа тән.

НЬЮ-ЙОРКТЕГІ ҚОС МҰНАРА, 11

Араға он жыл салып, үшінші сілкініс болды. Ол 2001-жылы Нью-Йорктегі Дүниежүзілік сауда орталығының қос мұнарасының талқандалуы. Бұл сілкіністен кейін оған түрлі түсініктемелер мен түсіндірмелер беріліп жатты. Бәлкім бұл тарихтың ақиқаты ашылмаған сырларының бірі болып қалар. Дегенмен осыдан кейін АҚШ-тың Ауғанстан мен Ирақ жеріне отаршылдық жасауы орын алды. Нәтижесінде ақпараттық, саяси, экономикалық, әскери және мәдени пікірлер туындап, исламға қатысты жер жүзінде жалпылама, АҚШ пен Еуропада арнайы мақсатта оны қаралайтын сөздер айтылды. Ол туралы сөз айтқандардың көбі жаман ниетпен немесе білімсіздіктің себебінен жаман пікірлер айтып жатты, ал алаламай әділ үкім шығарушылардың саны өте аз болды. Дегенмен осы айтылған сөздер жақсы болсын не жаман болсын, ислам дінін көпшіліктің көңіл бөлетін мәселесіне айналдырды. Бұл дінді насихаттаушыларға *дағуат* майданында дінді оларға жақсы бейнеде жеткізуге жақсы мүмкіндік болды. Сондай-ақ бұл да «Өзара ықпалдасу заңының» берекелі жемісі. Барша іс бұрын да, кейін де бір Аллаһқа тән.

Терең даналық иесі болған Аллаһ тағала осы секілді болған және ендігі болатын ауқымды оқиғалардан жер бетінің толықтай қайта жандандырылғанын қалағандай болды. Мұндай оқиғалар адамзатты дұрыс дініне келіп, адасушылықтан шығып тура жолға түсуіне, бақытсыздықтан бақытқа кенелуіне жағдай жасады.

КЕРЕКТІ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ ТҮСІНІК

Жағдай қалай өрбісе де ислам *үмбеті* төмендегілерді санасына сіңіруі қажет:

- Білікті, ықыласты *дағуатшылар* осындай жағдайларды дұрыс пайдалана алмаса, исламды танытатын мұндай сирек мүмкіндікті жіберіп алуы мүмкін.
- Аллаһтың заңы бойынша мұсылман *үмбетіне* мұсылман болғаны үшін ғана тегін көмек (жеңіс) берілмейді.
- Ислам *үмбетінің* қабілетті, ықыласты азаматтары өздерінің *дағуат* жасау жұмыстарында кездесуі мүмкін қателіктерді бақылап, оның алдын алулары және одан сақтанулары тиіс. Ал қателік жіберілген болса, оны еңсеріп, аз мөлшерде шығын шығарып оны түзеуге тиіс.
- *Дағуат* жұмыстарында әлсіздік пен шарасыздыққа ұшырап, тоқырап бір орында тұрып қалмау үшін дүниетанымды кеңейтіп, жаңа құралдар мен механимдерді іске қосулары тиіс.
- *Дағуат* жұмысын жүргізу бағытының орнын толтырып, тура жолды нұсқау.
- Дін жолындағы азаматтардың өзара келісімдерінің кеңістігін кеңейтуге жұмыс істеу және араларындағы қайшылықтарды азайту.

МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Қырағылық белгілі мөлшерде келіп, адамдар онымен шаттанып, қуанышқа бөленді және соған өз армандарын негіздей бастады.

Бұл бейне толыға түсу үшін аталған игі құбылысқа кедергі жасайтын және жұмысына тосқауыл болатын проблемалар көп екенін нақтылай кеткен жөн:

- Олардың бірі екіншісіне қарсы келіп жатқанын көруге болады, кейде тіпті жауласып жасап, айлаға да жүгініп жатады, нәтижесінде бүлік, іріткі туындап, араларында алауыздық көбейіп, бөлінуге апарады. Тіпті кей адамдар мұсылмандардың арасындағы қайшылықтарды жалпы қарастырса, дінге шақырушылардың арасындағы қайшылықтарды жеке қарастырады. Бұл ащы шындық, ұзаққа созылған сырқат және ем қонбайтын ауру. Бұдан тек Аллаһтың мейіріміне бөленген адам ғана құтылмақ.

- Тіпті кей жағдайда ықыласпен жасалған талпыныста істің сауабы кем болады, яғни қажеттілігі болмаған адамға қайырымдылық жасайды, рұқсат етілген жасалуы абзал болған істің бар болғанына қарамастан уақыты өтіп кетіп, тыйым салынған мәселені таңдауы мүмкін. Тіпті кейде зияны бар және қиындық туғызатын іске де қаржы бөледі.

- Оған *дағуат* саласындағылардың көпшілігінде қарапайымдылық пен игі сипат басым болып жататынын да қосуға болады. Бұл екі сипатты жаман адамдар пайдаланып, оларды қиын жағдайға душар етіп, арасына еніп кетулеріне жеңілдік жасайтындай ғапылдықта (мән бермеу, елемеу) болуына себеп болады. Нәтижесінде жаман адамдар оларды (игі адамдарды) өте өрескел ақымақтыққа итермелеп, құрдымға апаратын арандатуға апарады. Олардың әрекеттері адамдар мен елдерге зиян келтіріп, игі адамдардан елдің қашуына жағдай жасайды. Тіпті ислам дінінің өзін де жек көрінішті етіп көрсетіп, оны қорқынышты етіп те көрсетуі мүмкін. Аталған адамдардың білімсіздіктері байқалатын жердің ең ірісі – саяси арена. Себебі олар осы жерде барынша құлшыныста еңбек етіп, құрбандыққа барады. Нәтижесінде олардың өздері құрбандықтың басында болып, өздері сол үшін ауыр салмақ салатын құн төлеген еді. Сол секілді адамдар мен елдер де орасан көп құн төлеген. Бұл аса қауіпті, өте жиіркенішті жағдай.

МӘСЕЛЕНІҢ СЕБЕПТЕРІ

Бұл секілді құбылыстың жалғыз ғана себепке байланысты болуы мүмкін емес, керісінше оның біріне бірі байланысып жатқан күрделі, сан түрлі себебі болуға тиіс. Ол себептердің тікелей және жанама түрлері бар, сонымен бірге аңғалдық пен немқұрайлылық, асығыстық пен дайындықсыз жұмыс істеу, жеңіл түрде еніп кету мен қиын жағдайға жеткізу, Ұлық Аллаһтың сүннеті мен заңдарын білмеу, діни саладағы адамдардың олжаға, басшылыққа, қарымтаға деген құмарлықтары мен құштарлықтары, адамдардың түсіну мен меңгеру қабілетіне байланысты нәрселер және ислам *үмбетінің* басынан кешіп жатқан кезеңнің қасиеті мен болмысы жатады. Бұл өте ыңғайсыз, қауіпті кезеңнің көптеген салаларда өзіндік жағымсыз әсерлері бар. Сол салалардың ішінде дінге шақыру (*дағуат* жасау) саласы да бар екенін айта кеткен жөн.

Осы маңызды әрі қатерлі жағдайды анықтағаннан кейінгі жағдай осылай болса, назар аударып, бекітетін нәрсе – бұл қауіпті емдеудің бір ғана жолы бар дегенді ұмыту керек, себебі оны емдеудің біріне-бірі сүйенетін, бірі біріне күш беретін көптеген шешімдер ұсынылуы тиіс.

МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ БАСТАМАСЫ

Бәлкім осы шешімдердің ішінде ең бірінші кезекте тұрғаны және аса маңыздысы ислам *дағуат*ы саласындағы қызметкерлердің жалпы ережелерін жөнге салу болар.

Бұл ережелер көп жағдайда адамның жалпы ойын, үкім ету әдісін, ойлау жүйесін, жұмыс жасау себептері мен істеген ісіндегі тәжірибесін

басқарады. Қате ой мен түсінік өз кезегінде қате жүріс-тұрысқа, дұрыс түсінік дұрыс жүріс-тұрысқа апаратынын барша адам мойындайтыны айқын екені белгілі.

Алдымен, ешбір адам ережелерді түзеу осы құбылысты жояды деген пікірді алға тартпайды, дегенмен мұндай түзетулер белгілі деңгейде өз көмегін береді.

Шын мәнінде ислам *үмбеті* түзету, дұрыстау жұмыстарына, насихатқа, қайта қарауға өте қажетті жағдайда. Мұның барлығы адам қолымен жасалатындықтан оның дұрысы да қатесі де болады.

ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ҚАУІП

Жоғарыда айтылған өрлеу процесіне сыртқы қауіп болғаны секілді ішкі факторлардан да келетін қауіп бар. Ішкі қауіп-қатер сыртқы түріне қарағанда қауіптірек болған және әлі де солай. Сонымен қатар оның қатері күштірек.

Егер сыртқы қауіп ислам дінінің сан түрлі дұшпандарынан келетін болса, ішкі қауіп қате түсінік, тар ойлау, дұрыс емес тенденция, нәрселердің табиғатымен үйлеспейтін асығыстық әрекеттер, реалистік емес идеализм т.б. салдарынан үмбеттің өз ішінен шығады.

ЖАРҒЫҒА ҚАЖЕТТІЛІК

Осыдан келіп, ислам дініне шақыру (*дағуат*) саласында жұмыс істейтін қызметкерлерге ұсынылатын жарғы (мисақ шараф) жасауға қажеттілік туындайды. Онда дінге шақырушы барлық қызметкерлердің немесе көбісінің меңгеруі тиісті негізгі ережелермен қамтылады. Бұл жарғы барлық ақыл иелері мен ықыласты жандарға ортақ кең ауқымды шынайы мөлшерін анықтап береді және ортақ істегі күш-жігерінің түрлі деңгейде болуына мүмкіндік береді. Өйткені адамдар барлық істе біріне бірі ұқсас, бірін-бірі қайталайтын көшірме бола алмайды. Бұл ұғымды «Бірлік аясындағы әртүрлілік» немесе «Келіспеушілік емес әралуандылық қайшылықтары» деп атауға болады.

Сондықтан аманаттың жауапкершілігін сезіну мақсатында және насихат айту, дұрыстау және жаңарту міндетін еңсеру үшін, ой-сананы көтереді, пайдаға асады деген оймен жоғарыда аталған негізгі ережелерді ұсынуды мәртебе санаймыз. Ол өз кезегінде, Аллаһтың қалауымен, талап етілген игі нәрсенің жемісіне қол жеткізу үшін ислам *үмбетіне* алға жылжуда маңызды қадамдар жасауға мұрындық болады.

Бұл жарғы дінге шақырушылар ұстанатын, негіз ететін тура жолға бастаушы нұр болады және оларды шынайылық пен игілік принциптерінен өзіндік таңдаулары арқылы өзара нығаятын болады деген үміттеміз. Сондықтан да ол «Дінге шақырудағы абыройлы жарғы» деп аталды. Өйткені оны ұстаудағы адамдардың бірігетін тұсы оған деген қанағаттың болуы, оны ерікті түрде міндет көруі, игі қалауы, оған деген берік сенімі және жарғының екі жақты да қамтуына деген таңқалу сезімі.

Сонымен бірге бұл жарғыдан білікті және ынталы дін уағыздаушыларының шынайы зерттеулеріне сай болуы күтіледі. Осылайша оның дұрыс болған жерін пайдалану, қателіктеріне ескерту жасау мақсат етілді және әрбір басылымы алдыңғысынан жақсы шығуы үшін жаңа ережелер ұсынылды.

Аллаһым бізді Өзің разы болатын іске жетелеп, игілік іс жасап, таза ниетіміз бен дұрыс амал нәсіп ете гөр! Өзің бізге разы болғаныңа дейін шүкіршілік етеміз, разы болған кезде де және разылығыңнан кейін де бір Өзіңе шүкіршілік етеміз.

Мұхаммед пен оның отбасына және сахабаларына Аллаһ тағаланың сәлемі мен игілігі болсын!

Һишам әт-Талиб
2009-жыл

ЖАРҒЫ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАС

Осы ережелер қажырлы еңбектің, төзімділіктің, зерттеп зерделеудің, қайта ой елегінен өткізудің, оқудың және дінге шақыру саласындағы қате істер мен дұрыс істерді ұзақ әрі үздіксіз бақылаудың жемісі екенін айта кеткен жөн. Жарғы ойдағыдай болу үшін бастапқыдан-ақ оның формасы дұрыс болды және өзге еңбектерден өзгеріссіз цитаталар немесе олардың мағыналары алынды.

ЖАРҒЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ:

Бұл жарғы көпшілік келісетін және қабылдап, құрмет тұтатын бір топ ережелерді нақтылауды көздейді. Егер осы жарғының мақсаттарын қысқаша берер болсақ, оны «Дінге шақыру жұмыстарының барысын жөндеу, осы саладағы мамандардың арасын жақындату және оған жаңа белестер ұсыну», – деп атауға болады.

БҰЛ ЖАРҒЫ КІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН (БАҒЫТТАЛҒАН)?

Бұл жарғы баршаға арналған. Алайда әрине, бірінші кезекте, *дағуатшы* мамандарға арналған. Бұл жарғыны алдымен солар пайдасына асырады және оны түзетуге және толықтырулар енгізуге солардың ғана шамасы жетеді.

ЖАРҒЫНЫҢ ЖЕМІСІ (НӘТИЖЕСІ)

Егер жоғарыдағы айтылған жайттар орындалса, оның пайдасы зор болмақ. Солардың ең негізгілері:

- Дінге шақырушылар (*дағуатшылар*) арасында сенім мен махаббат сезімін тудыру және *дағуат* саласындағы ресми және халықтық істердің арасын жақындату.
- Қателік пен қарама-қайшылық мөлшерін азайтып, келісім мен дұрыс істердің көлемін арттыру.
- Конструктивті сын айтуға шақыру, зерттеу мен ойлаудың өрісін кеңейту және жаңашылдық пен жаңалық ойлап табуға көңіл бөлу.
- Келісілген мәселелерде ынтымақтастық жасау, қайшылық бар мәселелерде толеранттылық таныту және бос сөзден нақты іске көшу.

ІЗГІ НИЕТ:

Бұл жарғы мынадай болуға ниетті:

- Құран Кәрім мен сүннетке негізделген «жұмыс құжаты» болу.
- Орташа және әділ жолды ұстану арқылы шамадан тыс артық кету мен немқұрайдылық танытып кем амал ету секілді кемшіліктерден алыс болу.
- Белгілі бір партияның, жеке топтың, белгілі бір жамағаттың, *дағуат* мектебінің, ресми емес *фиқһи ижтиһадтың*, өңірлік басшылықтың сойылын соқпау және осылардың ешбірін де насихаттамау және одан өзгелерінің қадір-қасиетін түсірмеу.
- *Дағуатшылар* үшін ахлақтық, тәрбиелік, идеялық, амалдық ереже болуы көзделді және шешім қабылдайтын, сүйенетін айнымас серігі болу.
- Өзі секілді мәнді қосымшалардың жанында өзіндік орны бар әдеттегіден бөлек сапалы қосымша болу.

ЖАРҒЫНЫҢ ТИЕСІЛІ БОЛУЫ

Бұл жарғыны төмендегі аталғандарға тиесілі болуын қалайды:

- Адам баласының осы өмір мен ақыретте бақытқа жету жолы болған Ислам дініне.
- Біз мақтан тұтатын және өзіміз оған тиесілі болатын ислам *үмбетіне*.
- Өмірдегі ең абыройлы міндет – *дағуат* ісіне. Бұл іс пайғамбарлар мен елшілердің миссиясы болғаны белгілі.
- Дін, тіл, мәдени мұра, адам өміріне, өткені мен бүгіні және болашағына мән беретін Отан.
- Дұрыс істі көп жасап, қателікті аз жасайтын *дағуатшы* болу келешек ұрпаққа.

ЖАРҒЫНЫҢ СИПАТТАРЫ:

Сондықтан бұл жарғы көп жағдайда нақтылыққа, объективтілікке, адалдыққа, бейтараптылыққа, ашықтыққа, теңдестірілген ғылыми әдіске, жоғары деңгейдегі әдепке және тіл тазалығына ұмтылады. Себебі осы сипаттағы жарғыны оқыған оқырман оның жоғары рухы мен кең көкірегі барын және *дағуат* жұмысының шынайы екенін сезеді.

БІРІНШІ ӨЗЕК (МӘСЕЛЕ):

ДАҒУАТ ЖАСАЛАТЫН ИСЛАМ

1. ТОЛЫҚҚАНДЫ ТАУХИД

Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «(Уа, Пайғамбар!) «Расында, Раббым мені тура жолға, яғни Ибраһимнің дұрыс дініне бастады. Және ол [Ибраһим пайғамбар] мүшріктерден болмаған» деп айт. (Уа, Пайғамбар!) Былай деп айт: «Шындығында, менің (оқыған) намазым, (шалған) құрбандығым, өмірім мен өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін (арналған), еш серігі жоқ (Аллаһқа). Және осыған [таухид дініне] бұйырылдым әрі мен мұсылмандардың алғашқысымын» *(Әнғам сүресі, 161-163 аяттары),* – деген.

Ұлық болған Аллаһ тағалаға иман келтіреміз. Ол ғаламның жаратушысы әрі билеушісі және Өзіне ғана құлшылық етуге лайықты. Ол ұлылық, кемелдік пен ең көрікті сипаттармен сипатталады. Ол барлық кемшілік атаулыдан таза. Біз Оны сүйеміз, бір деп білеміз және ұлықтаймыз, Аллаһ тағаладан ғана қорқамыз және Одан ғана көмек сұраймыз.

Жалпы мұсылмандарды, әсіресе *дағуатшыларды* ақида мәселесіне имани мен түсінік, сезім мен мінез-құлық тұрғысынан абсолютті басымдық бере отырып түсіндіруге шақырамыз. Себебі ол (ақида) күллі діни мәселелердің ең бірінші әрі ең ұлы негізі. Ол мұсылман өміріндегі барлық нәрседе қатар жүретіні секілді, осы аталған мәселелерді үздіксіз қатар алып жүретін негіз.

Ақида – оқып, келесі беттерге көше салатын кітаптағы тараулардың бірі емес. Керісінше ол мұсылман оқитын бірінші тарау, сонымен бірге басқа тарауларды оқығанда әрдайым бірге болатын негіз.

Ақида мұсылманмен әрдайым бірге болатын интеллектуалды, эмоционалды және қолданбалы жағдай. Ол мұсылманға өмірінің соңына дейін үкім етеді. Бұл дегеніміз мұсылманға осы ақидаға қатысты мәселелерді нақты, толық, терең әрі жан-жақты білуін талап етеді. Оның ең маңыздысы – Аллаһты бір деп тану және бір өзіне құлшылық ету, сонымен бірге үкімдерін орындау. Сол секілді діннен толықтай немесе жартылай шығарып, ақиданы бұзатын нәрселерді де білуге тиіс. Таңқаларлық жағдайдың бірі – мұсылманның балалары дәретті бұзатын жағдайларды жатқа біліп, ақиданы бұзатын жайттарды білмеуі. Мұның екеуі де маңызды. Дегенмен аралары соншалықты өзгеше.

Басқа қырынан алғанда таухид тақырыбы құрғақ жаттанға айналып кетпеуінен сақтану қажет. Оның иелері өздері ғана тура жолдамыз деп ойламауға тиіс. Солай болған жағдайда оларда тәкаппарлық пен менмендік сезімі пайда болып, өзгелермен дөрекі әрі тәкаппарлана қарым-қатынас жасайтын болады.

Олардың шынайы позициясына деген сенімі мақтауға лайықты әрі талапты нәрсе. Дегенмен олар өзгелермен жұмсақ әрі жақын араласулары керек. Осылайша олар өзгені бездіретін емес, сүйікті *дағуатшыларға* айналып, қатыгез емес мейірімді жандар болады. Нәтижесінде таухид

мәселесі олардың өмірінде ақыл, ұят пен этиканы қамтыған ең абзал формада орнығады. Кей ғалымдар таухидтің (Аллаһтан басқа тәңір жоқ) орындалу шарттарын жеті сөзге жинақтаған. Ол: надандыққа үйлеспейтін білімділік, сенімсіздікке үйлеспейтін айқындық, ширкке үйлеспейтін ықылас, екіжүзділікке үйлеспейтін шындық, қарсы келуге үйлеспейтін қабылдау, тәрк етуге үйлеспейтін бойсұну, жоқ нәрсеге үйлеспейтін махаббат.

2. ТАУХИД ЖӘНЕ БІРЛІК ДІНІ

Ислам – таухид және бірлік діні. Ислам *үмбеті* көктегі раббысын ұлықтап бір деп санайды және жер бетіндегі әрекетінде де бір деп санайды. Сондықтан *дағуат* жұмыстарында пікір мен сезімде және күнделікті істе бірлікке шақыру аса назарда ұсталуға тиіс. Сонымен бірге пікір мен сезімде және күнделікті істе бөлінуден сақтануға тиіс. Себебі бірлік дегеніміз күш, мейірім, береке және тиімділік. Сондай-ақ ол Аллаһтың көмегі мен жеңісіне ие болуға себепкер болады, ал бөліну осының керісі.

Дағуат жұмысы өзінің орасан зор мүмкіндігі бола тұра үмбетке осы істің жолындағы еңбегінің жемісі мен көптеген құрбандықтарының орнын өтейтін дәрежеде пайда бере алмады. Дегенмен ол үмбеттің уайымы мен үмітін білдіретін шынайы нәрсе. Оның басты себептерінің басында ислами жұмыстың жеккөрушілік пен жауыздыққа апаратын бөлінуден қиындық көруі деп түсіндіріледі. Адамдардың көксеген бірлігіне қол жеткізу немесе жақындау үшін Аллаһқа шынайы ниет ету керек және махаббат сезімін тарату қажет, сондай-ақ ақиданың сыртындағы және *фиқһ* бөлімдеріне қатысты мәселелердегі талас-тартыстарды доғару керек. Ол мәселелер жөнінде бұрынғылар қайшылықта болса, кейінгілер өзара таласта болған. Осы мәселеде дұрыс жолда болғаны сауапқа кенелсе, қателескені кешірімге ие болмақ.

3. НЕГІЗГІ ДЕРЕККӨЗДЕРГЕ ОРАЛУ

Аллаһ тағала Құранда: «Ал егер оларға [мұнафықтар мен иманы әлсіздерге] амандықтың не қауіптің бір хабары жетсе, оны дереу (адамдарға) таратады. Егер де соны [хабарды] (мән-жайын білу үшін) Елшіге, араларындағы әміршілеріне қайтарғанда, олардың ішіндегі талдаушылары оны түсінер еді. Әрі сендерге деген Аллаһтың кеңшілігі мен рақымы болмаса, азғантай топтарыңнан басқаларың шайтанға еріп кетер едіңдер» *(Ниса сүресі, 83 аяты),* – деген.

Өйткені біз адамдардың бәріне жақсылық тілейміз, оларды бұған шақыруға, *дағуат* жасауға міндеттелгенбіз. Сондықтан да біз оларды ашық көңілмен және ақылмен оны, негізгі дереккөздері арқылы білуге шақырамыз. Сонымен бірге олардың осы жарғы арқылы адасудан кейін тура жолға, жалғаннан кейін ақиқатқа, қауіптен кейін қауіпсіздікке, алаңдаудан кейін тыныштыққа, аурудан кейін саулыққа жол табатындарына сенімдіміз. Сол секілді олар бұл жарғыдан өздерінің басқа да мәселелерінің шешімін, сұрақтарының жауабын таба алады.

4. ИСЛАМ – АЛЛАҺТЫҢ ДІНІ ЖӘНЕ ОЛ БАРЛЫҚ НӘРСЕНІ ҚАМТЫҒАН ДІН

Аллаһ тағала Құран Кәрімде «Ақиқатында, Аллаһтың алдындағы дін – Ислам» (*Әл Имран сүресінің* 19-шы аятынан) және «Ал кімде-кім Исламнан өзге дін іздесе, онда оның (ұстанған діні) еш қабыл етілмейді әрі ол ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады» (*Әл Имран сүресінің* 19-аяты), – деген.

Мәңгілік, сақталған, туралыққа бастайтын және діндердің соңғысы болған Ислам діні Аллаһтың діні екендігіне иман келтіреміз. Ол біз үшін мәселе, мән мен маңыз, шешім, өткеніміз, қазіргіміз және болашағымыз. Ол осы дүние мен ақыреттегі бақытымыздың жолы. Өміріміздегі бізге таңдап берген Аллаһтың бағыт-бағдары. Біз оған иман келтіріп, оны мақтан тұтамыз, ол үшін күресеміз және бар асылымыз бен қымбат дүниемізді құрбан етеміз.

Ислам Аллаһтың адамзат үшін түсірген соңғы діні, сондықтан ол бүкіл нәрсені қамтыған толыққанды жол. Ол өмірдегі жеке адам, топ, мемлекеттік деңгейдегі барлық мәселені жүйлеп, реттеп отырады. Оның дін, мемлекет, заң, ғибадат, экономика, мінез-құлық (ахлақ), денсаулық, жанұялық, әлеуметтік және халықаралық қарым-қатынаста орны бар. Ол адам өмірге келгеннен бастап бүкіл тіршілігінде және өмірден озып, қайта тірілгеніне дейін онымен бірге жасайды.

Сондықтан *дағуатшылар* ислам дінінің барлық нәрсені қамту принципіне аса назар аударып, оны мақтан тұтуы және исламды құлшылық рәсімдерімен ғана шектеуді қойғандары жөн. Ол үшін олар негізгі және тұтас мәселелерді сырып қойып, бөлімдері мен жеке мәселелерде ұзақ тоқталмауға тиіс. Егер осы бөлімдер мен жеке мәселелерге тоқталу қажеттігі туындаса, өз орнымен, уақытымен және туындаған жағдайға, ауқымына қарай тоқталғандары жөн.

5. ҚҰЛШЫЛЫҚ МАҒЫНАСЫНЫҢ ҚАМТУ АЯСЫ

Бүкіл адамзаттың бар болудағы (барлық) мақсаты – Ұлық Аллаһқа ғибадат ету. Аллаһ тағала ол жөнінде: «Және Мен [Алла] жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» (Зәрият сүресі, 56-аят), – деген. Ғибадаттың осы толық қамтушылық ұғымы адамзатты Ұлық Аллаһқа көбірек бойсұнатын етіп және онымен әрдайымғы байланыста болуы қуанышын арттырып және құлдары мен олардың еліне пайдасын көбірек тигізіп отыр. Өкінішке орай бұл ұғым көпшілік тарапынан құлшылық рәсімдерінде ғана шектеліп, олардың түсінігінде ол тек қана құлшылық болып кетті. Ислам мұрасындағы ақида, ғибадат амалдары, қарым-қатынастар (мәмілелер) деген терминдік бөлу, басқа емес, оқу (зерттеу) мен оқыту қажеттілігінен туындаған ғылыми бөлу екенін айта кеткен жөн. Дегенмен бұл бөлу кейбірімізді ғибадат ұғымын құлшылық рәсімдерімен ғана шектеуіне апарды. Әрине бұл бір жағынан дұрыс түсінбеуге апаратын өрескел қателік болса, екінші жағынан өзге салаларына қарағанда рәсімдердегі ғибадат ету жағы көбірек көрініс тапты. Сондықтан ғибадат ұғымына салиқалы сәлафтар ұстанғандай кең мағынасында иман келтіріп, бүкіл мұсылманды ғибадатты ақида, саясат, құлшылық ету рәсімдері, қарым- қатынастар, жер игеру, дінді жеткізу, адал нәрсені ұстану, жүрекке тыныштық орнату, итқан, ихсан секілді барлық нәрсені қамтитын осы ұғымында ұстануға шақырамыз.

6. ИСЛАМДАҒЫ БАУЫРЛАСТЫҚ

Исламдағы бауырластық ислам принциптерінің негізгісінің бірі. *Дағуат* ісі қағидаларының берік ұстыны. Оның кеңінен таралуы Аллаһ тағаланың көктегі (о дүниедегі) разылығына, жер бетіндегі (бұл дүниедегі) көмегіне себеп болады. Ал оның көрініс таппауы Аллаһ тағаланың көктегі (о дүниедегі) ашуына, жер бетінде (бұл дүниедегі) көмексіз қалдыруына себеп болады. *Дағуатшылар* оған теориялық тұрғыдан да, іс жүзінде де жоғары мән беріп, оған қарсы келетіндердің бәрінен абай болғандары жөн. *Дағуатшылар* арасында бауырластыққа қол жеткізу жылулық, мейірімділік және жеңіске жетелейтін қуаныш болмақ. Ал оған қол жеткізе алмау бұлыңғырлық, қатыгездік, менмендік және сәтсіздікке апаратын үлкен ескерту болмақ.

7. ҚУАТТЫ МҮМІН

Біз қуатты, күшті мүмін дайындауға ұмтылуымыз қажет. Себебі хадисте келгендей, әлсіз мүмінге қарағанда ондай мүмін Аллаһқа қайырлырақ және сүйіктірек болады. Сонымен қатар ақиданың күші – дұрыстығымен, иман – тереңдігімен, мінез-құлық – дұрыстығымен, ақыл – саналылығымен өлшенетіні тәрізді, дене күш-қуатпен өлшенеді. Бұл бізден денемізге қатты мән беруімізді талап етеді. Ол денеге пайда келтіретін асқа, спортқа және тазалыққа аса мән беру арқылы жүзеге асады. Ал оған зиян келтіретін есірткі, темекі, шарап секілді нәрселерден сақ болуымыз керек. Бұл айтылған мәселеде көптеген пайда бар. Солардың бірін айтар болсақ, сау дене *дағуат* ісіне қатысты қиындықтарға шыдас берерлік дәрежеде болады.

8. ЖАЛҒАН ДІНДАРЛЫҚТАН САҚТАНУ

Дұрыс діндарлық деген қырағы ақыл мен кіршіксіз таза жүрек. Мұндай сипаттағы адам халық арасындағы меңдей болып, көпшілікке ұнап, оларды өзіне ерітуге түрткі болатындай жақсы бір үлгі болады.

Осы аталған дұрыс жолдағы діндарлықты ұстанып, оған қайшы алжасқан ақылдан, сырқат жүректен немесе екеуінен де туындайтын жалған діндарлықтан сақтануды ескертеміз. Өйткені оның ынтасы мен мәні жаңылыс пен мүддеге, не екеуіне бірдей жұмыс істейді. Бұл сипаттағы адам көпшілікке жеккөрінішті көрініп, адамдарды өзінен бездіретін болады.

Бұл діндарлықтың түрі, тіпті әлі күнге дейін, Аллаһтың дініне тосқауыл болу себептерінің бірі болып отыр. Сонан соң оның зиянды нәтижелері дінді ұстанбайтын адамдардың күнәларынан да жаман болады.

Жалған діндарлықтың белгілеріне сыртқы бейнесін жарқыратып, ішкі ақиқатқа бейжай қарау жатады. Сол секілді парыз амалдарды орындамай, нәпіл амалдарды орындау, жалпының мүддесін ысырып, жеке мүддеге жұмыс істеу жатады.

Сондай-ақ, мұның сипаттарына өз көксегендері мен ашу-ызаларына және көрсеткен әлсіздіктеріне діни сипат берулері мен өздеріне лайық емес деңгейге ұмтылулары, сонымен бірге қабілеті мен лайықтылығы арқасында жоғары дәрежеге қол жеткізген адамдарға күйе жағулары жатады.

9. ТАҒАТ ЕТУ МЕН АСЫЛЫҚ

Жүректерде тағат ету бар да, асылық ету бар. Адамның дене мүшелері солай. Жүректің амалдары өзге дене мүше амалының алдында жүреді, себебі олардың қимылы жүрекпен тығыз байланысты. Жүрек адамды тағат ету мен асылыққа итермелейтің негізгі ағза.

Жүрек асылығынан құтылу сыртқы мүшелердің асылығынан құтылудан ауыр. Сол секілді жүректі тағат етуге үйрету сыртқы мүшелерді тағат етуге үйреткеннен қиын.

Мұсылман асылықтан алыс болып, тағат етуді міндетіне алуға тиіс. Осылайша ол сыртқы бейне мен ішкі жан дүниесі, сыртқы форма мен ішкі сыры және ниет туралығы мен дененің қозғалысы арасындағы тиісті тепе-теңдікті ұстап тұрады.

ЕКІНШІ ӨЗЕК: ИСЛАМИ МӘСЕЛЕЛЕР

10. ИСЛАМДАҒЫ ОТБАСЫ

Аллаһ тағала: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңді және отбасыңызды отыны адамдар мен тастар жанатын оттан [тозақтан] қорғаңдар!» («*Тахрим*» *сүресінің* 6-аятынан), – деген.

Ер мен әйелдің үйленуі отбасын құрудағы жалғыз шарғы жол. Бұл тәрбиенің алғашқы әрі маңызды сатысы. Ол ислам *үмбеті* болмысындағы ең үлкен негіз және балалар мен өскелең ұрпақтың табиғи таза бесігі. Оны басқару жауапкершілігі әке мен анаға бірдей тиесілі. Сондықтан оны сақтап, қорғауға және құнын көтеруге, сәтті болу үшін тиісті тетіктерді дайындауға шақырамыз. Сол секілді оны бұзуды немесе дәрежесін түсіруді қалайтын көптеген және жаңадан шығып жатқан әрекеттерге барынша қарсы тұрамыз.

11. ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ

Мұсылман әйел қатаң екі тараптың үлкен зұлымдығын басынан өткізіп отыр. Біріншісі, мұсылман әйелді бұзуды көздейтін және оны дінінен, табиғи болмысынан, қадір-қасиетінен және өзіндік ерекшелігінен алыстататын шектен шыққан зайырлылық. Екіншісі, мұсылман әйелді бальзамдап, қатырып, қамап ұстауды және өмірдегі рөлін орындауға тыйым салатын асыра діншілдік. Ниеті жақсы болғанымен, мұндай астамшылдар айыпқа тартылып отыр. Олардың көпшілігінің әйелге деген көзқарасы күмәнді, сыйламаушылыққа толы және қамқорлық принципіне деген түсініктері қате. Бұл көзқарас исламдағы әйел құқықтары мен оның тұлғалық ерекшелігін білмеуінен және ұзақ уақыттан бері қордаланған әдет-ғұрыптардың салтанат құрғанынан, осы ескіліктерге діни сипат бергенінен туындап отыр. Ал дін бұл нәрселерден таза.

Расында, жалпы мұсылмандар, әсіресе *дағуатшылар* әйелге сенім артып, оған әділ болулары және өмірдегі орнын табуы үшін жағдай жасаулары тиіс. Оның басында оның *дағуат* жасау рөлі тұр. Мұның үлкен пайдасы бар, ең негізгісі әділдікке қол жеткізу. Ал әділдік исламның маңызды принципі. Оның (әйелдің) *дағуат* ісіндегі қажырлы еңбегін, әсіресе ер адамнан басым түсетін салалардағы еңбегін пайдаланған жөн.

Сондай-ақ әйелді алдап, оны әржақтан келетін түрлі зұлымдықтардан азат етуге сендіргісі келетін, алдайтын жалған уағыздардың жолын кесу керек. Шын мәнінде әйелді әділ әрі тең деңгейде азат еткен, құқықтарын, абыройын, еркіндігін және табиғи болмысын, ерекшелігін қорғап, оны қоғамның жарты мүшесі еткен, ер адамның жартысы және келер ұрпақтың бастауы еткен ислам діні.

12. ИСЛАМДАҒЫ БОСТАНДЫҚ

Дағуатшылар жергілікті заңмен шектелген еркіндік жағында болуға тиіс. Ал абсолютты еркіндік деген үлкен ақымақтық, тіпті зор ақымақтық. Дініміз еркіндікті жоғары бағалайды және діндегі зорлыққа тыйым салады. Біздің мақтан тұтатынымыз дана халифа Омар ибн әл-Хаттабтың: «Адамдарды қашан құл еттіңдер, аналары оларды азат етіп туды ғой», – деген сөзі. *Дағуат* пен өзге де жұмыстарға тең дәрежеде еркіндік берілсе, онда *дағуат* ісінде басымдық болады. Өйткені алдымен ол халыққа ақиқатты айтады, екіншіден бойларында қалыптасқан мәдениетінің шарғы мұраларын көрсетеді. Ал мұндай сипаты жоқ өзге адамдар алдымен адамдарға жалған нәрсені айтады, сонымен бірге олардың мәдениетінің шарғы мұралары мен қалыптасқан дұрыс пікірлерінен адастырады.

13. ИСЛАМДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Аллаһ тағала: «Уа, адамдар! Асылында, Біз сендерді ер мен әйелден жараттық та, бір-бірлеріңді тануларың үшін сендерді халықтар, тайпалар етіп жасадық. Ақиқатында, Аллаһтың құзырындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың. Расында, Аллаһ – Білуші әрі Хабардар!» *(«Хужурат» сүресі, 13-аяты)*, – деген.

Ислам адам құқығының әлемдік деңгейдегі бірінші хабарламасы екеніне сенеміз. Ол білім, үйлену, қауіпсіздік, ризық, әділдік, меншіктік т.б. секілділерді айтпағанда, адамға абырай, адамдық, ақида еркіндігінде құқығын толығымен қамтамасыз ететін дін. Ондағы исламның бастамасы адам құнын жоғары ұстау. Себебі адам Аллаһ жаратқандарының ең құрметтісі және Оның жердегі халифы, сонымен бірге жер бетіндегі барлық нәрсе адам игілігі үшін.

14. ИСЛАМДАҒЫ АДАМИ БАУЫРЛАСТЫҚ

Біз адамзат бір отбасы екеніне, оларды адами бауырластық біріктіретініне, Жаратушысы бір Аллаһ екеніне, түп әкесі – Адам ата, түп анасы Хауа ана екеніне, топырақтан жаралып, қайта соған айналатынына сенеміз. Сондықтан барша мұсылманды және өзге де халықтарды бүкіл адамзатқа пайда әкелетін ортақ ынтымақтастыққа шақырамыз. Оған бейбітшілікке қол жеткізу, бәрінің еркіндікте өмір сүруі, әділдік орнату, қылмыспен күресу, ілім-білімді тарату, балаларды қамқорлыққа алу,

қарттарға қызмет ету, көршімен жақсы тұру, қоршаған ортаны қорғау, келісімдер мен шарттарды құрметтеу жатады. Бұл пікірдің дұрыстығына Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) қоштасу қажылығында айтқан құтпасындағы мына сөзі дәлел: «Уа адамдар, сендердің раббыларың бір, әкелерің бір. Барлығың Адам атадан тарайсыңдар, ал Адам топырақтан жаралған. Сендердің Аллаһтың алдындағы ең абзалдарың – тақуаларың. Арабтың өзге ұлттан айырмашылығы тек тақуалығында ғана. Сендерге жеткізе алдым ба? Аллаһым бір өзің куәсың».

15. ТОЛЫҚҚАНДЫ ЕКІ ТҮРЛІ ҚАТЫСТЫЛЫҚ

Дағуатшылар қай жерде болмасын Отанды, оның қауіпсіздігін, жетістіктерін, табиғатын және ұрпағының болашағын қорғауға тырысулары керек. Ол дегеніміз, отанға мен ұлтқа деген табиғи қатыстылық және дін мен принципке деген ерікті түрдегі қатыстылық арасындағы байланыс бірін бірі толықтыратын және үйлесім табатын байланыс. Мұндай байланыс керісінше болмайды.

ҮШІНШІ ӨЗЕК:

ДАҒУАТШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕЛЕЙ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

16. ДАҒУАТ ІСІНДЕГІ БІРЛЕСЕ ИНТЕГРАЦИЯ (ЖҰМЫС ЖАСАУ)

Ислам ұйымдары арасындағы қарым-қатынастың негізі интеграция. Оған мүмкіндік болмаса өзара ынтымақтастықта болу. Ол да болмаса, сыйластық пен өзара өмір сүру принципі сақталғаны жөн. Ал төртіншісі құрдымға кету.

17. МАМАНДЫҚТЫ ҚҰРМЕТТЕУ

Біз шариғаттың мәселелері мен проблемаларын дін мамандарынан сұрап, өмірлік мәселелерде өмір көрген тәжірибелі адамдарға арқа сүйеуіміз қажет. Мысалы, Зейд өте танымал, білімді *дағуатшы* болуы мүмкін, алайда ол тұсінік беруге лайықты емес. Сол секілді тұсінік беруге шамасы жететін үлкен ғалым болуы мүмкін, алайда ол кіші не үлкен мәселелерді басқаруға жарамауы мүмкін. Өмірлік істердің бәріндегі қағида осындай.

18. ДАҒУАТШЫ ЖӘНЕ БАРЫНША ЛАЙЫҚТЫ ЖАҒДАЙ

*Дағуат*шы жұмысы нәтижелі болу үшін уақыт, орын, маңыздылығы жағынан лайықты жағдайды таңдағаны жөн. Ол бұл мәселеде жөн білетін, ойын ашық айтатын, игі жандармен кеңесуі тиіс. Себебі ол, білсін, білмесін, өзіне көңілі қалаған нәрсені таңдауы мүмкін.

Хадисте Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) бірнеше сахабаны өзіндік ерекшеліктерімен сипаттаған. Сахих Муслимде Аллаһ елшісінің: «Құранды мына төрт адамнан үйреніңдер: Ибн Умму Абд (Абдуллаһ ибн Масғуд), Муғаз ибн Жәбал, Убәй ибн Кәғб және Сәлим Мәулә Әбу Хузәйфа», – дегені риуаят етілген. Сол секілді Халид ибн әл-Уәлид жайлы: «Аллаһ қылыштарының бірі Халид ибн әл-Уәлид неткен жақсы Аллаһтың құлы еді», – деген. Сондай-ақ, былай деген: «Үмбетімнің ең мейірімдісі – Әбу Бәкір, Аллаһ ісіндегі ең қаталы – Омар, ең ұялшағы – Осман, халал мен харамды ең жақсы білгені – Муғаз ибн Жәбәл, мирас ілімін ең жақсы меңгергені – Зәйд ибн Сәбит, Құранды ең дұрыс оқитыны – Убәй ибн Кағб және әр үмбеттің өз сенімді адамы болады. Бұл үмбеттің ең сенімдісі – Әбу Убәйда ибн әл-Жаррах» (Әт-Тирмизи риуаят еткен).

Бұдан жоғарыда аталған аламдардың бәрі игі жандар екенін білеміз. Алайда олардың әрқайсысының әр салаға қатысты өзіне тән ерекшелігі, іскерлігі, ептілігі болады.

19. ОРТАҚ ЖОЛ

Дағуатшылар мақсаттар мен құралдарда және басымдықтарда бір ғана үлгіде болуы мүмкін емес. Олардың арасында аз болсын, не көп болсын айырмашылық болуға тиіс. Дегенмен де кісі қандай да бір мәселеге мұқият қараса, онда ақида, ғибадат, ахлақ және қарым-қатынас мәселелерінде ойы бір жерден шығатын көптеген пункітті кездестіреді, бірақ олардың арасындағы теке-тірес оны жоқ етеді. Себебі қандай да мәселе төңірегіндегі қайшылық, оны он еселетіп, үлкен етіп көрсетеді. Ал өзара келісілген мәселелер онға бөлініп, кішірейіп көрінеді. Сондықтан *дағуатшылар* арасында келісілген ортақ жол, ортақ алаң бар деген шешімге келуге болады. Көпшілік оны білуге және оған қуануға міндетті, сонымен бірге соның аясында жұмыс істеуге, мүмкіндігінше көп нәрсе меңгеру үшін оны сабырмен және ұстамдылықпен кеңейтулері тиіс.

20. ИНТЕЛЛЕКТТІҢ (ИДЕЯ) БІРЛІГІ

*Дағуатшылар*дың арасындағы бөлінудің себептеріне олардың арасыда идеялық бірліктің ең төменгі ортақ шегінің болмауы жатады. Бұл оларды бездіріп, өздерін жек көрінішті, тіпті өшпенділік тудырғандарына қоса, мақсаттар мен құралдардың және басымдықтардың әртүрлі болуына жеткізген және әлі де жеткізіп жатқан нәрсе. Сондықтан *дағуатшылар* арасында жалпылама, ал жастар арасында арнайы түрде осы идеялық бірлікті тереңдету мәселесіне жіті назар аудару қажет.

Бұл іс Құран мен сүннетке негізделген шарғи мәдениетті тарату, әділдік орнату, ынтымақтастық жасау, толерантты болу, бауырластықты арттыру, туралыққа шақыру арқылы, сол секілді басымдықтарды білу, диалог жасау, қайшылық кезіндегі әдептілік және ислам дінінің бар нәрсені қамтушылығын, барлық заман мен барлық жерге жарамдылығын нақтылау арқылы жүзеге асады.

Соннымен қатар, бұл істі атқаруда тиісті шараларға осы мақсатпен үйлесімді болатындай деңгейдегі еңбектерді саралап таңдап алу және оны *дағуатшылар* мен жастарға ұсыну және жиі қайталап отыру жатады. Бұл мақсатты орындауда Білім және ғылым министрлігінің мектепке арналған бағдарламалары мен тәсілдердінің түрлеріне сүйенуге болады.

21. МҰСЫЛМАН ЖАМАҒАТ

Қандай да бір жамағатты немесе партияны немесе *дағуат* етуші қозғалысты мұсылмандардың жамағаты деп емес, мұсылмандардың бір тобы деп сенеміз. Олардың әрбірінің құндылығы идеясының (ойы) дұрыстығы мен іс жүзіндегі жетістіктеріне байланысты болады.

22. РЕСМИ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ АРАСЫ

Ислами амалдың ресми түрі билікке тиесілі органдар орындайтын амал. Ал халықтық түріне билікке тиесілі емес халықтық мекемелер атқаратын амал әрекеттер.

Әдетте, көп жағдайда, осы екеуінің арасында қате түсінік, бірін бірі аңду, айыптау немесе жауластық бар деген ой қалыптасқан. Бұл орайда алдымен осы мәселеде маңызды екі нәрсені ескергеніміз жөн:

Бірінші, осы екеуінің қайсы бірі болмасын толықтай қателікте немесе толықтай дұрыс жолда болмайды. Олардың әрқайсысында да осы екі сипат болады.

Екінші, Кей жағдайларда бұл екеуі өзара алмасуы мүмкін. Нәтижесінде халықтық түрі ресмиге, ресми түрі халықтыққа өзгеріп кетеді.

Мұндағы басты талап – бұл екі топ сенімге ие болу, өзара түсіністікке қол жеткізу, ынтымақтастық пен толеранттылыққа жету үшін дана түрде, табандылықпен, шын ықыласпен күш жұмсаулары тиіс. Себебі *дағуат* баршаның жауапкершілігі. Осы аталған талап орындалса, оның пайдасы орасан болмақ. Егер аталған мақсат орындалмаса, онда ресмилер мен халықтық топтар босқа шаршап, тіпті тауқымет тартады.

Бұл оңай мәселе емес, бірақ мүмкін нәрсе. Бұл шаруаның (істің) өте маңыздылығына байланысты біздің өте көп күш жұмсауымызды қажет етеді.

23. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҰМЫС

Біз біріншіден, исламдағы ахлақты құрметтейтін жүйелі, ұйымдаса жасалатын, екіншіден, жүйелері мен бағдарламаларын ұстанатын құрылымдық жұмысқа сенеміз. Құрылымдық жұмыс ислам *үмбетіне* пайда береді және жеке тұлғаның жұмысынан ұзағырақ болады. Дегенмен екеуінде де жақсылық бар. Құрылымдық жұмыс жаңартуға, түзетуге, дұрыстауға және қайта қарауға құдіретті. Жеке тұлғалар өтеді кетеді, ал олардан кейінгі құрылымдық жүйелі жұмыс жалғасын таппақ.

24. ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ РУХЫ

Қызметкерлер арасында топ рухының тегін анықтауға және олардағы ортақ істің принципін тереңдетуге ұмтыламыз. Бұл мәселеде алғашқы болған адамдарға басымдық беріп, ұрпақтар сабақтастығына жұмыс істейміз. Нәтижесінде ғұламалардың даналықтары мен жастардың талпыныстарынан пайда алып, жеке мүддеге қарағанда ортақ мүддені артық көруіміз керек. Сол секілді көптеген проблемалар шықпай тұрып қайшылықтар мен мәселелерді тыюға арналған шариғаттың өркениетті тәсілдеріне келісеміз. Ал егер аталған проблемалар пайда болса, оларды ең жақсы деген тәсілмен шешіп, осы саладағы қызметкерлер арасында қаржылық және әкімшілік әділдік рухын дамытамыз.

25. ШУРА (АҚЫЛДАСУ)

Аллаһ тағала: «әрі істері өзара кеңесу (болатын)» («Шура» *сүресінің* 38 аятынан) және «(маңызды) істе олармен кеңес» («Әл Имран» *сүресінің* 159-аятынан), – деген.

Сондықтан шураға (кеңеске), ойлау мен идея табуға талпындырамыз және қайшы және сай келетін пікірді бірдей құрметтеуге шақырамыз. Сонымен бірге барлық адам ақырында шариғаттың жалпы және анық принциптеріне қарсы келмейтіндей қабылданған шешімді ұстануы үшін әрбір адамға ойлау мен сөйлей құқығын береміз.

Бұл шешім дұрыс немесе дұрыс пікірге жақынырақ болуы үшін оны тек бекітілген негізіне қарай қабылдау керек. Бұл осы мәселеге қатысты тиісті ақпарат толықтай болуын талап етеді және сонымен бірге шешім шығарудағы талқылаулар шынайы, объективті және сенімді болуын қажет етеді.

26. БЕЙБІТ ТАЛҚЫЛАУ

Дағуатшылар дана, ашық, нақты механизмге жетіп, соны ұстанулары тиіс. Осы арқылы олар мәселені өздерінің діни-ағарту институттарында жауапкершілікті икемділікпен, өзара разылықпен, қауіпсіздікте және сыйластықта талқылай алады. Осылайша олар қанағатсыздықтан, монополиядан және бұйрықтан алыс болып, бөлінушілік пен бүліктерден арылады және тоқырау мен әлсіздікті жояды. Нәтижесінде оларға жаңаруға және шығармашыл болуға мүмкіндік туады және ұрпақтар сабақтастығын жалғауға қол жеткізеді. Сол секілді басқарушылық іске дайындауға

көптеген курс ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болып, топтық жұмыстың табиғатын тереңдетіп, құрылымдық жұмысты құрметтеуді бекітеді.

27. ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ЕРЕКШЕЛІК

Біз *дағуатшы* ұламалар мен ілгерідегі және осы заманғы рефоматорларды құрметтеуге, оларға ізгі *дұға* жасап, оларды өнеге етуге тиіспіз. Дегенмен оларды киелі санауға, сонымен бірге тәжірибелерін өзгеріссіз көшіріп алуға болмайды. Олай еткен жағдайда ескерілуге тиіс уақытқа, мекенге және жағдайға қатысты ерекшеліктеріміз сырт қалмақ. Осылайша олардың ыждаһат еткендеріндей ыждаһат етеміз және көңіл бөлгендеріндей көңіл бөлеміз.

28. КИЕЛІ САНАУ ЕМЕС ҚҰРМЕТ ТҰТУ

Мұсылман болмысынан және табиғатынан *дағуатшы* басшысын, ғылыми жетекшісін немесе мешіттегі имамды жақсы көруге тиіс. Дегенмен бұл махаббат шектен шықпауға тиіс. Бізге дейінгі дін өкілдері пайғамбарлары мен салихалы адамдарын Аллаһқа ғана лайықты киелі ұғымдармен құрметтеуде шектен шығулары себебінен адасқан еді. Осылайша таухидтен кейін шірк жасады. Мұсылмандардың қарапайымдары мен *дағуатшылар*ы арасындағы кең тараған ауруға дереккөздеріне шектен шыға байланысуы жатады. Олар мұны ақиқат пен жалғанды, дұрыс пен қатені ажырататын өлшем санады. Олар бейне бір өздерін тура жолда деп санай отырып, «Ақиқатты адамдар арқылы емес, адамдарды ақиқат арқылы танимыз» деген ережені естерінен шығарады.

Бұл шектен шығу мұсылмандардың бөлінуіне және *дағуатшы* топтар арасында өшпенділіктің таралуына себеп болды. Оның шешімі, адамдар дереккөздерін орта дәрежеде жақсы көріп, оларға қателесетін және қателеспейтін пенде ретінде қараулары тиіс. Сонымен қатар оларға атқарған жұмыстарына қарай лайықты дәрежеде құрметтеу керек. Мұсылман ақиқатты іздейді, дереккөз бірде болып, бірде болмайтын құрал (тәсіл), идея мәңгі мұрат-мақсат.

29. ӨЗГЕГЕ ЕСІК АШЫҚ

Принципіміз меншігіміз емес, керісінше біз оның меншігіміз. Сондықтан осы принципті басқа тәсілмен және басқа мейірімділікпен жүзеге асырып жатқан өзге адамдардың еңбектерін көргенде біз оларға қызғанышпен қарамағанымыз жөн. Керісінше оған қуануымыз керек. Себебі олардың еңбектері мен біздің төккен теріміз бір нәрседе, яғни *дағуат* жұмысында түйіседі. Сондықтан біз оларды жақсы көріп, еңбектерін бағалап, керек насихатымызды айтып, мүмкіндік болса олармен ынтымақтастық орнатуымыз қажет. Сондай-ақ, жеке тұлғалар мен топтардың аз да болса, мейлі онда қателік болсын не жетіспеген тұстары болсын, жасаған жұмыстарынан пайда алуымыз керек. Сол секілді бізге қайшы пікірдегі адамдардың кешірімдерін қабылдай отырып, шейх Мухаммад Рашид Риданың: «Өзара келіскен нәрседе ынтымақтастық жасаймыз, қайшылық бар мәселеде бірімізді біріміз кешіреміз», – деген ережесін ұстануымыз қажет

30. ДҰРЫС БОЛҒАННЫҢ БӘРІН ӨЗІМІЗГЕ ТЕЛІМЕЙМІЗ

Біз табандылықпен және ашық түрде дұрыс пікір бізге ғана тән емес екенін жариялап, бекітеміз және өзгелерді осындай сөздерге сеніп қалудан ескертеміз. Біз өз мақсатымыз бен құралдарымызға (тәсіл) сенеміз, дегенмен оны кәміл деп санамаймыз, әрі біздің қателіктеріміз бен жетіспеген тұстарымызды көрсеткендерді түсіністікпен қабылдап, ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ, өзгелердің мақсат пен тәсілге қатысты таңдауларын құрметтейміз.

Біздің бәрімізден талап етілетіні бір Аллаһқа ықыласпен ниет ету, туралықты іздеу, жаңару батылдығын бойға сіңіру, жіберген қателіктерді ашық түрде мойындау, ал егер өзгелердің дұрыс істерін көрсек, оған шынайы түрде қуана білуіміз қажет.

Осы айтылған жайттарға қол жеткізу үшін тәжірибе алмасуға шақыру. Бұл ұйым мен *дағуатшылардың* ақпаратын молайтып, оны өзара алмасу арқылы байытудағы өте маңызды мәселе болмақ. Себебі насихат пен нұсқаулықтан жоғары ешкім болмаған және болмайды да. Сол секілді дұрыс нәрсенің бәрін өзінікі дейтіндер болмағаны және болмайтыны секілді бүкіл қатені де өзінекі дейтіндер телитіндер болмаған және болмайды.

ТӨРТІНШІ ӨЗЕК:

ДІНГЕ ШАҚЫРУ ІСІНДЕГІ ДАМЫТУ МЕН БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

31. МАҚСАТТАРДЫ АЙҚЫНДАУ

Кез келген *дағуат* ісінің көздеген мақсаты болады және осы мақсатты айқындау өте маңызды. Сондықтан *дағуатшылар* өздеріне не керек екенін нақты әрі ашық түрде айқындалғаны және әрбір сөйлемі, тіпті әрбір сөзі нақтылық, анықтық, дұрыстық, қажеттілік және қабылдануға жарамдылық тұрғысынан жіті тексеріле отырып жазылуы керек. Кімде- кім (жеке тұлға не топтар болсын) айдарлы үміт пен нақты жағдайдың ақиқатын шатастырып алса, онда ол нәтижеге табысқа жетуден гөрі сәтсіздікке көбірек ұшырайды, тіпті құрдымға кетуі де мүмкін. Жеке тұлғалардан кеткен қатені сор десек, топтық жұмыстан кеткен қате сордың соры болмақ.

Дағуат жұмысына бағытталған үлкен сын – бұл міндетті атқарушылардың көпшілігі (өздері қаламайтын нәрсені) біледі, бірақ (өздері нені қалайтынын) нақты білмейді. *Дағуат* жұмысы қате мақсатқа немесе орындалуы мүмкін емес дұрыс мақсатқа құрылса, сағымның артынан жүгіргендей, өзін өзі қорлағаны. Бұны жасаған адамдардың ізгі ниеттері есепке алынбайды, себебі ізгі ниет талап етілген нәрсенің жартысы, ал қалған жартысы істі дұрыс жасағанда толығады.

Дағуатшылар өздерінің «кім екендерін» және «не қалайтындарын» нақты біліп алулары қажет. Осының аясында жоспарлары мен бағдарламалары нақтылап, осы қадам арқылы өздеріне және уағызын тыңдайтындарға шыншыл, сенімді болады. Егер осылай жасаса, жақсы іс атқарғандары, болмаса, үлкен қасіретке ұшырағандары.

32. БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Уақыт Аллаһтың әмірімен еш тоқтаусыз жалғасып келеді. Қазіргі кез кешегінің баласы, болашақтың әкесі. Сондықтан *дағуат* ісі өткен күннің тәжірибесін есепке алып, қазіргі кезбен жақсы түсіністікте болуға және келешекке дайындықта болуға тиіс. Сонымен бірге өз күшінің шеңберінде іс жасап, мәселені барлық істің, себептің иесі болған Аллаһқа сеніп тапсыруы және оған тәуекел етіуі қажет.

Сондықтан да келешекке ұмтылу, оған жоспар жасау *дағуат* ісінің міндеті, туралыққа бастау және табысқа жетудің кілті. Егер дәл осылай әрекет етсе, дұрыс іс жасаған болады. Ал олай жасамаса, тоқырауға және оқшауланауға бет алғаны. Нәтижесінде міндетін орындап, уақыт өте келе ұмытылып кеткен хабарлардың бірі болып қалады.

Ислам келешектің діні. Оны біз көптеген нәрседен байқаймыз. Солардың ең маңыздысы ол бізді әрдайым Ұлық Аллаһтан қорқуға және есеп беру күніне дайындалуға шақырады. Өйткені біздің шынайы

келешегіміз сонда. Бәріміз Юсуф пайғамбардың (Аллаһтың оларға сәлемі болсын) қуаңшылық кезінде келешекке жасаған дана жоспары арқылы Мысыр елін ашаршылықтан қорғап қалғаны туралы қиссаны жақсы білеміз. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) барлық істі қамтитын болашаққа жоспар құру ісіне қатты көңіл бөлген. Кей мәселелерді бүге-шүгесіне дейін қарастырған. Оны Хабаша еліне және, Мәдина қаласына һижра жасауынан, еврейлермен жасаған келісімінен, өзі жіберген жасақтардан, өзі басқарған жорықтардан, өзге елдерге жіберген хаттардан көреміз. Онда Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) әлемдік және жергілікті мәселелерді қамтыған. Мәдина қаласындағы мұсылмандарға санақ жүргізген. Сонымен бірге пайғамбар сирасындағы көңіл аударарлық басқа да оқиғалар бар.

33. КӨРЕГЕН ЖАҢАРТУ

Өзгертуге болмайтын бекітілген принциптерді құрметтей отырып, жалғаспалы жаңарудың маңыздылығына сенеміз. Осылайша салихалы көне және пайдалы жаңа істің басын біріктіру принципі жүзеге асады, сонымен бірге осы заманмен байланыс орнап, оның проблемаларын білетін боламыз. Ол бізге оқшауланудан, әлсіздіктен және тоқыраудан қорғайтын өмірлік күш береді.

Ислами іс-амал қате мен дұрыс, әлсіздік пен нәтижелілік, мүмкін мен мүмкін еместік, жергілікті және әлемдік өзгерістер арқылы өзінің принциптері, бағдарламалары, нұсқаулықтары мен ұрандарын үзіліссіз қайта қарап, бірін алға шығарып, бірін кейінге қалдырады, біріне өзгеріс енгізіп, бірінің күшін жояды, біріне толықтырулар енгізіп, бірін алып тастайды, бірін көтеріп, бірін төмендетеді. Келешек ұрпақ қайталамас үшін, куәлардың алдында өзінің қателіктерін жариялап отыруға тиіс және өз ісінің жаңа көкжиектеріне ұмтылуы керек. Егер осы аталғандарды орындаса, жұмысын жалғастыратынын көрсеткені және бұл қуанышты жақсы хабар. Ал егер орындамаса, оның тоқырауға ұшырағаны. Бұл салдары өте нашар ескерту болмақ.

34. ӨЗІН ӨЗІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өзін өзі қамтамасыз етуге және мүмкіндігінше жеке мүмкіндіктерге сүйенуге шақырамыз. Себебі қайырымдылық жұмыстар үздіксіз, тұрақты түрде болатын көз емес және оған кепілдік жоқ. Мұның ең маңызды тәсілдері жағдайлар мен шамаға қарай уақытша ұйымдар құру болуы мүмкін.

35. ӨНЕГЕ ТҰТАРЛЫҚ ҮЛГІЛЕР

Дағуат жұмыстарымен айналысатын қандай да мекеме нәтижелі, дана *дағуат* жұмыстары үшін принциптерімен, бағдарламаларымен, жоспарларымен, қызметкерлерінің мінез-құлқымен үлгі болуға тиіс. Оны көрген өзгелер таңданыс білдіріп, өз жұмыстарында үлгі ететін болады.

36. ТАЛАП ЕТІЛМЕЙТІН МӘРТЕБЕ

Дағуат ісі өмірдегі ең абыройлы міндет, себебі ол пайғамбарлар мен елшілердің (Аллаһтың оларға сәлемі болсын) миссиясы.

Әдетте, көп жағдайда, *дағуатшы*лық сипатындағы адамның орны ерекшеленіп, көпшіліктің құрметі мен махаббатына бөленеді. Маңыздысы, Аллаһтың разылығы үшін жұмыс істейтін адамның негізгі мақсаты мәртебеге жету емес, Аллаһтың разылығы деп білген жөн. Егер мұндай мәртебеге ұмтылмай-ақ жетсе, жетістігі үшін Аллаһқа шүкіршілік етіп, осы деңгейінен түспеуге тырысып, оны адамдарды жақсы көруге, оларға ізгілік жасауға, қарапайымдылық танытуға, қызмет етуге және қолдарындағыны таза болуға жұмсағаны жөн.

Ол бұл абырой-мәртебені атақ емес жауапкершілік, сән емес ауыр жүк, олжа емес салық, сый, борыш деп қабылдауы керек.

Осы орайда айта кететін жайт – қарапайымдық пен тазалық (ибалық) орыннан (мансап) бас тарту дегенді білдірмейді. Бұл Аллаһ тағаланың адамды өзінің жердегі халифы етуі мен ғаламды игерту мақсатына сай келмейді. Біз жоғары мансапқа қол жеткізгенде Юсуф пайғамбардан (Аллаһтың оларға сәлемі болсын) ғибрат алып, оны үлгі етуіміз керек. Себебі ол моральді құндылыққа қатысты аса көрегендігінің арқасында мансап арқылы қоғамға пайда келтіре алды. Осы көрегендігі әділдік пен игілікке бағытталған қоғамдық ұйымның бір біріне деген тығыз қарым-қатынасына мұрындық болды.

Сондықтан білікті адам өзінің біліктілігі мен күш-жігерін қоғамы мен *үмбетіне* және барша адамзатқа көрсете алады. Мұндағы басты шарт – амалды жасаудағы ниеттің дұрыстығы. Ол жайлы Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) хадисінде: «Шын мәнінде, амалдар ниетке байланысты және әр кісіге ниет еткені тиесілі. Кімде- кім Аллаһ мен Оның елшісі үшін қоныс аударса, Аллаһ мен Оның елшісі үшін қоныс аударған болады. Кімде-кім мал-дүние үшін қоныс аударса оны табады немесе бір әйелге үйлену үшін қоныс аударса, оған үйленеді. Қонысы қоныс аудару ниетіне орай болады», – деген.

37. ЛАЙЫҚТЫСЫН АЛҒА ҚОЮ

Дағуат жұмысына зерттеу мен ізденістен кейін осы маңызды істі орындауға ең лайықты элементтер басшылыққа алынуы тиіс.

Өкінішке орай ислами жұмыстардағы әр түрлі дәрежедегі көптеген топтар осы талаптарды орындамайды. Біреуді қызыл тілді шешен болғаны үшін шығарса, енді бірін қоғамдық маңызға ие болғаны үшін алға шығарады. Ал енді бірін алдыңғылардан ететін аймақтық беделіне қарай алға шығарады және тағысын тағылар.

Лайықты кесім де маңызды өлшемдер арқылы анықталады. Оның ең жоғарғысында қасиетті шариғат, сосын үмбет қабылдаған үлгілілік, тақуалық, ілім, біліктілік. Осы, не сол мансаптың жоғарғы шегі оның табиғатымен, болмысымен үйлесіп жатады.

38. МІНДЕТТІ ҰСТАНУ

Дағуат жолындағы кез келген іс ұстанымдарымен, әдіс-тәсілдерімен, жоспарларымен, жолдарымен, жалпы жастары және көсемдерінің мінез-құлықтарымен туралықты, ықыласты, шыншылдықты көрсететін көркем үлгі болуы тиіс. Осылайша ол басқалар көретін, құрметтейтін, қызығатын, еліктейтін табысты өнеге болады.

Расында, *дағуат* ісі өзі соның жолында тұрған діннің мінез-құлықтарын жеткілікті ұстанбаса, өзінің бағытына төрелік ететін жүйелеріне бағынбаса, ол шынайы ауыртпалық. Ол болашақта үлкен апатқа душар ететін, қанды қырғынға ұшырататын жарылатын бомба жиынтығы іспетті.

*Дағуат*шы адамдар маңыздылығы және табысқа жету жағынан көркем үлгі болу *дағуат* ісіндегі ең маңызды құрал екенін білулері тиіс. Мұсылман *дағуатшылар*ы исламға шақыруда түрлі әдістерді қолданудың арқасында

табысқа жеткен. Осылардың ең басында көркем үлгі болу әдісі тұрады. Сондықтан олардан ең бірінші адамдар арасында өздері шақырып жатқан істе жақсы өнеге болулары талап етіледі.

39. ӨЗІН-ӨЗІ СҮЙЮШІЛЕР ЖӘНЕ АЙЫРЫЛЫСУ СӘТІ

Грек әпсаналарында мынандай оқиға айтылады: «Нәркасус» атты сұлу жігіт көлшіктегі мөлдір суға қарап өз бейнесін көрген екен. Содан ол бейнеге қатты таң қалып, суға үңіле-үңіле ақыры өліп кеткен екен. Сол судан нәркес (нәржәс) гүлі өсіп шығады. Осыдан «нәржәсия» (нәркестік) термині шыққан деседі. Ол адамның өзін мерт етуі мүмкін өзіне тәнті болу деген мағынаны береді.

Ислам ісінде де нәркестік (өзіне өзі тәнті болу) адамдар пайда болды. Олардың қанша жағымды жақтары және үлкен құдіреттері болғанымен, ислам қоғамдастығы олардан арылуы тиіс.

Расында, олар тек қана жаманшылық көзі емес, олардың бойында мақтаулы жақтары да бар. Дегенмен олар ислам ісіне өздерінің әуейліктеріне соқтыққанға дейін ғана қызмет етеді. Әуейліктеріне ерген сәттен олар исламмен араларын алшақтатады, іргелерін ажыратады. Тіпті исламның қас жауларына айналып та кетулері мүмкін. Айырылысу сәтінің келері анық. Себебі олар нәпсілерінің құлдары. Ендеше олар жарылатын бомбалар. Олардың ислам ісіне араласуы үлкен қателік. Одан да өрескелісі оларды осы іске араласуға рұқсат бергендердің қателігі.

40. ЖАҒЫМДЫ РУХ

Біз жағымсыз істерден, түңілушіліктен, бездіруден, қыйындатудан аулақ болуға шақыратынымыз секілді жағымды істерге, жақсылықты ырымдауға, сүйіншілеуге және жеңілдетуге шақырамыз.

41. ӘСЕР ЕТУ МЕН КӨҢІЛ БӨЛУ АЙМАҒЫ

Мұсылманның өмірінде екі аймағы бар:
Бірінші аймағы: әсер ету аймағы. Мұнда өзі белсенділік танытуға шамасы келетін аймақтық мақсат қарастырылған. Бұл жерде ол өзіне және өзгеге пайдалы бола алады. Мысалы, өз денсаулығына, ырзық-несібесіне, туматуыстары мен жолдастарына қызмет етуге, айналасындағыларды hидаятқа шақыруға, мүмкіндіктерін жетілдіруге көңіл бөлуі, отбасы үшін жастық жастанбай түнін ұйқысыз өткізуі, өз ісі мен еліне қатысты заңдарды білуі.

Екінші аймағы: көңіл бөлу аймағы. Мұнда өзі көп те, аз да әсер ете алмайтын жергілікті және әлемдік істерді қадағалап отыруы мақсат қарастырылған. Мысалы, мұнайы бар елдің қымбаттауы, климаттың өзгеруі, атмосфераның ластануы, аштық және т.б.

Мұсылман адамнан ең алдымен бірінші әсер ету аймағына көңіл бөлу талап етіледі. Өйткені оның, ол аймаққа әсер етуге шамасы келеді және осы оның шарғи тәклиф (жауапкершілік) жүктелуінің ілігі (себебі).

Екінші аймаққа ол шектеулі мөлшерде араласқаны жөн. Бұл оның өз заманында не болып жатқанынынан хабардар болуы және басқалармен байланыста болуы үшін қажет.

Егер осы аймақтағы әрекетін кеңейтетін болса, тыйым салынған нәрселерге түсіп қалуы мүмкін және уақыты мен күшін сарп етіп алады, өзін уайым-қайғыға салып жүйкесін тоздырады. Ол оны түзете де алмай үнемі мазасызданып, сәтсіздік пен уайымда жүреді. Тіпті өзімен өзі тұйықтанып, бұрын атқарып жүрген істерінен де баз кешуі және оған сылтаулар табуы мүмкін. Өзіне өзі тілеп алғанды тағдырдан көруі де бек мүмкін. «Табысты адамдар баламалар мен мәселелердің шешімін табуда шебер. Сәтсіздікке душар болушы адамдар сылтау мен желеу табуда шебер» деген даналық сөзі неткен керемет.

42. АДАМЗАТ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Расында, Аллаh тағала Өз дінін сақтауды, қорғауды уәде етті. Оның мұнда кемел даналығы бар. Аллаh мұсылмандарға осы ұлы жауапкершілікті жүктеген. Бұл дін анық ақиқат болғанымен, онда да тағдыр бар. Бірақ ол адамдардың қолында. Біз, барлығымыз пайғамбарлардың (алайһимуссалам), ізбасарлары мен серіктерінің және олардың артынан ергендердің осы дін жолында бар күштерін жұмсап қол жеткізген ұлы істерінің көлемін білеміз. Ендеше біз де соларды үлгі тұтамыз, солардың жолымен жүреміз.

43. ОЛАР ЖАУАПТЫ

Көптеген *дағуат* жолындағыларда дінге шақыру ісіндегі әрекеттері сәтсіздікке ұшырағанда өздеріне жауапкершілік артпайтындығы белең алған. Дегенмен бұл оны басқаратын ережеге мұқтаж. Өйткені оны шектеусіз тастап қою үлкен қауіп тудырады. Осы қауіптің ең жеңілі – өз-өзінен есеп алу, өз-өзінен сұрамау, жақсы мен жаманды теңестіру.

Дағуатшылар Аллаһқа деген ықластарын арттырып, дұрысын іздеп, шамалары келетін күш-жігерлерін жұмсап жетістікке жетсе, алғысқа кенеледі, сәтсіздікке ұшыраса, оларға кешіріммен қаралады. Егер осы үш шарттың бірі не көбі болмаса, олардың сәтсіздікке ұшырайтындықтары анық және олар жеткен нәтижелері үшін жауапты.

44. ЕСЕП БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Есеп бері исламның түп, негізгі ұстанымы, жоғары өркениетті әдіс. Сондықтан біз бұған мұқиятты болуымыз және әрдайым машықтануымыз керек. Оған ашып айту, жасырмау, өзін сынау, үнемі қайталау, табанды түзету арқылы қол жеткізіледі. Осы арқылы оң, дұрыс нәрселерді білеміз және оны сақтап, арттыра түсеміз, сол, кемшіліктерді білеміз және одан сақтанып, арылуға тырысамыз. Өйткені адам ісі дұрысқа да, қателікке де тап болуы мүмкін.

БЕСІНШІ ӨЗЕК: ДАҒУАТ ФИҚҺЫ

45. ҰЖЫМДЫҚ ИЖТИһАД ФИҚҺЫ

Исламның барлық уақыт пен кез келген жерге жарамды дін екендігіне және жаңадан келіп отыратын проблемаларды шешуге қабілетті екендігіне терең сенеміз, үнемі растаймыз және ислам ғалымдары мен фақиһтарын осы шешімдерді ұсынуға шақырамыз, ұжымдық *ижтиһад* жасайтын мекемелерді қош көреміз.

Мысалы, Мысырдағы Ислам зерттеулер академиясы, Ислам әлемінің лигасы жанындағы Фиқһ академиясы, Хуртумдағы Ислам *фиқһ* академиясы, Пәтуа және зерттеулерге арналған Еуропалық кеңес, Солтүстік Америкадағы Ислам *фиқһы* кеңесі және т.б. Біз бұл мекемелердің құрылуы өте маңызды деп санаймыз. Осы берекелі мекемелер өзара істерін үйлестірер деп үміттенеміз. Өйткені бұл үйлестіру пайданы арттыра түседі. Сол секілді олардың техникалық жабдықталуын мамандандармен және тәжірибелі адамдармен толықтырады деп үміттенеміз. Бұл оған қосымша сенімділік пен белсенділікті береді.

46. ПІКІРҚАЙШЫЛЫҚ ФИҚҺЫ

Ислам бірлік құндылығын ұлықтайды және соған үгіттейді, бөлінуден сақтандырады. Бірақ міндетті түрде пікірқайшылығына алып баратын адамның саналуандылығын мойындайды. Бұл Аллаһтың махлұқтарындағы заңдылығы.

Пікірқайшылықтың екі түрі бар: пайдалы және зиянды.

Пайдалы пікірқайшылыққа көзқарастардың пікірқайшылығы жатады. Себебі ол адамның тәжірибесін байытады және Аллаһтың хикметімен, адам табиғатымен үндеседі. Аллаһ тағала адамдардың жаратылысындағы, реңдеріндегі, денелеріндегі, түрлеріндегі айырмашылықтары секілді ақылын, ойлау тәсілдерін саналуан етіп жаратуды қалады.

Ал зиянды пікірқайшылыққа жүректердің пікірқайшылығы жатады. Құран аяттары мен Пайғамбар (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) хадистерінде тыйым салған, харам еткен пікірқайшылығы осы пікірқайшылық. Мысалы: «Және Аллаһтың жібінен [дінінен] бекем ұстаныңдар да, бөлінбеңдер. Әрі Аллаһтың өздеріңе берген нығметтерін естеріңе алыңдар. Сендер (бір-біріңмен) дұшпан едіңдер, Ол жүректеріңді біріктіріп, Оның нығметі арқылы бауырларға айналдыңдар! Һәм тозақтың бір құзының ернеуінде тұр едіңдер, Ол сендерді одан құтқарды. Аллаһ сендерге аяттарын осылай баяндайды, бәлкім, тура жол табарсыңдар!» («Әлі Имран» сүресі, 103-аят).

Пайдалы пікірқайшылық – пікірдің эр түрлілігі. Ол балауыз шамы секілді саны көбейген сайын нұры да жарқырай түседі, бірі екіншісін сөндірмейді. Зиянды пікірқайшылық дауласуға, жанжалдасуға алып баратын кері ағамды пікірқайшылық. Ол пікірқайшылыққа түскендердің бәрін әлсіретеді, сәтсіздікке ұшыратады және айбатынан айырады.

Исламда жабық аймақ бар екенін, оған пікірқайшылығының кіруіне болмайтынын нақтылауымыз қажет. Ол үмбеттің болмысын, рухын, миссиясын және ақидалық, мінез-құлықтық, сезімдік бірегейлігін (олар: сенім, құлшылық, мінез-құлық, кесімді үкімдер) діннің мызғымас нормалары. Пікірқайшылық *фиқһы*н үйренуге, шариғат рұқсат еткен шеңберде болғанда басқалардың құқықтарын мойындауға шақыратын істердің бірі уақыт пен орын жағдайына қарай саналуандылық пен баламалары болатын әдіс-тәсілдерге, құралдарға байланысты істер.

47. ФИҚҺИ МАЗҺАБ ФИҚҺЫ

Жалпы *фиқһ* мазһабтары, оның ішіндегі, әсіресе төрт мазһаб құнды мұра, өте бай қазына. Оны ғұламалар електен өткізген, уақыт шыңдаған. Ол ислам *үмбетінің* мақтанышы.

Мұсылман адам осылардың арасынан өзі ұстанатын мазһабты таңдауы тиіс. Ол шамасы келгенше өз мазһабының дәлелдерін білгені жөн және басқалардың таңдауын құрметтей алуы керек. Қажет жағдайда олармен әдептен озбай, ғылыми талаптарға сай, ақиқатты іздей отырып, қол жеткізген ақиқатқа қуанып пікір алмасқаны жақсы.

Осы мазһабтардың барлығында дұрыс және қате, абзал және абзалырақ тұстары болуы мүмкін. Мұны мазһабтарды салыстыра зерттей алатын, көзқарастарды таңдай алатын, ғылыми жаңалық жасай алатын ғалымдар мойындаған. Айыпталатын әсіре мазһабтық өте зиян. Бірақ мазһабтардың қадірін кеміту, мазһабқа қарсы шығу, қарапайым мұсылмандарды мазһабты тәрік етіп, тек қана Құран және сүннетпен жүруге шақыру одан да жаман. Ал мазһабтарды мүлдем жою мүмкін емес. Содан кейін мұны жасауға ұмтылушылар өздері таңдап алған немесе өздерінің шейхтары таңдап берген *фиқһи* үкімдер мен *ижтиһад*тардың төңірегінде топтасады. Осылайша олар біліп не білмей жаңа бір мазһабтың алғашқы дәнін себеді де, өздері өзгелерді сынаған істі жасайды.

48. МАҚАСИД ФИҚҺЫ

Дағуатшылар мақасид *фиқһы*н жақсы білулері, терең меңгерулері тиіс. Сондықтан олар діни мәтіндердің астарына үңіліп, мақсатын, сырын, даналығын назардан тыс қалдырып, тек сыртқы мағынасын ұстанып, сөзбе-сөз мағынасымен шектеліп қалмаулары керек. Керісінше діни мәтіндердің рухын іске асыруы, келісілген мен пікірқайшылығы туындағандарды салыстыруы, жекелеген мәселелерді негізгі мәселелер аясында, шариғаттың жалпы мақсаттары аясында, «Іс сөзі мен құрылымға байланысты емес, мақсаты мен мағынасына қарай» және «Іс мақсатына қарай» деген *фиқһи* қағидалар аясында түсінуі керек.

49. ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ФИҚҺЫ (ФИҚҺ ӘЛ- ӘУЛӘУИЯТ)

Біз өзекті мәселелер *фиқһы*н қуаттай отырып, оның қадірін көтереміз, оған шақырамыз. Ислам мәселелері бір деңгейде емес. Мысалы, иман, таухид мәселелері жолдағы зиянды нәрсені алып тастау мәселесінен әлде қайда өзекті. Сол секілді ислам *дағуат* ісінің мәселелері де бір деңгейде емес. Біз мұны жақсы ұғуымыз, әр мәселені өз орнына қоюымыз және ауық-ауық осы өзекті мәселелердің ретін өзгерістерге қарай қайта қарап отыруымыз қажет. Себебі исламдағы өзекті мәселелердің баспалдағы тұрақты. Бірақ ислами іс уақыт пен мекенге және адамға қарай өзгеріп отырады. Өзекті мәселелер логикасы бойынша зиянды нәрселер орын алған кезде таразылауға құдіретті болуы, сол арқылы залалы аздауын таңдауға шамасы жетуі тиіс. Сол секілді пайдалы нәрселер орын алған кезде таразылауға, пайдалырағын таңдауға қабілетті болуы тиіс.

50. НӘТИЖЕЛЕР ФИҚҺЫ (ФИҚҺ ӘЛ-МӘӘЛӘТ)

Дағуатшылар нәтижелер *фиқһы*н білулері қажет. Оған *дағуатшылардың* қабылдаған мына не ана шешімдерінің салдарынан туындайтын нәтижелер жатады. Бұл іс Аллаһтың жаратылыстағы заңдарын терең білуді, жергілікті және әлемдік жағдайларды кең түсінуді талап етеді. Сондықтан олар бір шешім қабылдар алдын ол шешімнің нәтижесі мен салдарына, өздері мен айналасындағыларға тигізетін әсеріне терең үңілулері қажет. Олар өз есептерін жасағанда болжамға емес, анық нақтыға, асығыстыққа емес, байсалдылыққа, әлсіздікке емес, күш-қуатқа сүйенгендері жөн.

51. НАҚТЫ БОЛЫП ЖАТҚАН ІСТЕРДІҢ ФИҚҺЫ (ФИҚҺ ӘЛ-УАҚИҒ)

Дағуатшылар іс жүзінде болып жатқан оқиғалардың *фиқһы*н білулері, соған қатысты, байланысты жағдайларды қамтулары, діттеген үміт пен қолда бар мүмкіндіктердің арасындағы шынайы қашықтықты толық түсінулері тиіс. Осылайша олардың ұрандары, мақсаттары, бағдармалары қолдануға жарамды болады. Ақыл менен ар- ұжданды әзірлеу, адамдарды анық және таңдаулы істердің төңірегінде ұқыптылықпен жинау үшін зәруліктерге қарай отырып сатылай, деңгейлей алға жылжу заңдылығын алу керек.

52. ОРТА ЖОЛДЫ ҰСТАНУ ФИҚҺЫ

Ислам орта жол мен туралық діні. Ол шектен шығудың кеміту мен асыра сілтеу секілді айыпталған екі жағынан да аулақ.

Аллаһ тағала мұсылмандарды мақтап, олар туралы: «Және осылайша Біз адамдарға куәгер болуларың үшін әрі Елшінің сендерге куәгер болуы үшін сендерді (уа, мұсылмандар) орта [ең қайырлы] үмбет еттік», – деген («Бақара» сүресі, 143-аят), яғни әділ мен жақсы үмбет болдыңдар. Өйткені істің жақсысы ортасы, ал асыра сілтеу мен қысып тастау айыпталады.

Тым кеміту айыпталады. Себебі ол жеке адам мен көпшіліктің мүддесіне зиян келтіреді. Асыра сілтеу де айыпталады. Себебі ол адамның жаратылысына қайшы. Асыра сілтеушілік адамның ішінде шірудің дәнін сеуіп кетеді. Сондықтан Аллаһ тағала исламды орта, тура жол діні етіп таңдады. Аллаһ адамды жаратқаннан, жауапкершілікті жүктегеннен кейін оның табиғаты мен құдіретін, әлсіз тұсы мен күшін жақсырақ біледі.

Мысалы, мұсылман тәркідүниелік деп бұл дүниедегі міндеттерін өтеуден баз кешпеуі тиіс. Ол бұл дүниеде біреуге жүк пен салмақ болмауы керек. Сол секілді ислам адамның дүниеге беріліп кетуін де құп көрмейді. Ислам адамнан орта, тура жолды ұстанғанын қабыл етеді.

Исламның орта жолды ұстануы өмірдің барлық саласында көрініс табады. Өйткені ислам барлығын қамтыған және соңғы дін.

Бұл орта әрі тура жолды жерді игеруде, ырзық-несібе іздеуде көре алатынымыз секілді құлшылықта, нәпақа беруде, қарым-қатынаста, киімде, жекелеген адамдар мен жамағат талаптары арасындағы, құқық пен міндет арасындағы, дене мен рух арасындағы, ақыл мен жүрек арасындағы әділ тепе-тендікте және басқа да асыра сілтеу мен межеден тыс кеміту жоқ істерде көре аламыз.

53. ПАЙДА МЕН ЗИЯН ФИҚҺЫ

Аллаһ тағала ислам ісінің жарты ғасырдан бері жақсылыққа жорушылардың күткендерінен бірнеше есе алға кетуін қалады. Бұл алға жылжу қуантарлық жайт. Өйткені Аллаһтың діні таралып, жайылып жатыр. Ал көптеген мұсылман балалары жеткілікті деңгейде шарғи сынағынан, тәрбиесінен, саяси сауаттылығынан өз үлестерін алмаған еді. Бұл айлакер жаман ниетті адамдарға ақымақтардың ісін тесіп өтуге, қиын жағдайға қалдыруға мүмкіндік береді. Мұндай келеңсіздікке әлі де көптеген адамдар түсіп қалуда. Сондықтан ақылды *дағуатшылар* дұрыс жолға түсушілердің легімен сынақ, тәрбие, сана тұрғысынан жұмыс жасап, көңіл бөлулері тиіс. Олардың бұл ісі *дағуат* жасаудың жаңа алаңдарын ашудан алдын тұрады. Бұл шариғаттағы «Жамандықтың алдын алу пайданы алып келуден бұрын келеді» деген ұлы қағиданы іс жүзінде орындау балып саналады.

54. ИЛӘҺИ ЗАҢДАР (СУНАНДАР) ФИҚҺЫ

Аллаһтың заңдылықтары әділдігінен, құлдарына деген жұмсақтығынан. Бұл адамына, жамағатына, дініне қарамай бейтараптықты ұстанатын, біреуге бүйрегін бұруы, жауласуы жоқ заңдар. Ол заңдардың алдында барлығы тең. Бұл заңдармен жақсы қатынаста болғандар түбі жетістікке жетеді. Бұл заңдармен жаман қатынаста болғандар түбі сәтсіздікке ұшырайды. Яғни Аллаһ тағала мұсылман адамға не мұсылман жамағатына мұсылман болғандары үшін ғана жәрдем бермейді. Аллаһтың жәрдеміне қол жеткізу үшін оның алғы шарттарын жасау керек.

55. САТЫЛАУ (ДЕҢГЕЙЛЕУ) ФИҚҺЫ

Секіруі жоқ деңгейлеудің, озбырлығы жоқ дамудың, дау-дамайы жоқ хикметтің, асығыстығы жоқ сабырлықтың, тұралап қалатын жылдам ісі жоқ үзілмей жалғасатын тура істің мағыналарына терең үңілуге шақырамыз. Хадис шәрифте «Расында, зорықтырушы діттегеніне де жете алмады, көлігін де аямады» (әл-Баззар мен әл-Хаким риуаят еткен). Басқа хадисте «Аллаһқа ең сүйкімді аз болса да үнемі болатын іс» деген (әл-Бұхари риуаят еткен), үшінші хадисте «Дін өзін қатты ұстанғаннан үстем түседі» (әл-Бұхари риуаят еткен). Осы жерде «уақыт емнің бір бөлшегі» (уақыт емші) деген құнды хикмет сөзді еске түсіреміз.

56. КЕЗЕҢДЕУ ФИҚҺЫ

Біз кезеңдеуге сенеміз. Яғни мақсатты деңгейлеріне қарай бөлу және жалпы мақсатқа қызмет етуге қарай реттеу. Бұлай жасау арқылы біріншіні екіншіге әзірлік етеді, екіншіні біріншіден жоғары қояды.

Сонымен қатар мақсаттардан жағдайға сай, қолымыздан келетінін алуымыз керек. *Дағуат* ісінде қолдан келмейтінге килікпеу қажет.

Ол дұрыс болса да, тіпті міндет болса да. Екі жағдайда да оған өзіне ұмайтындығын ашық айтуға рұқсат етілмейді.

Пайғамбар () бұл сөзі арабтарда мақалға айналып кеткен. Ол алыс жолға сапарға шыққан өзін де, көлігін де аямай тоқтаусыз дем алмай жүре отырып, ақыры түйесі зорығып жолда қалған адамға қолданылады.

57. ІРІКТЕУ ФИҚҺЫ

Исламға шақыру баршаның міндеті. Ол тек шариғат саласының мамандарына ғана міндет емес. Бірақ бұлардың жауапкершілігі басқаларға қарағанда көбірек.

Бұл жерде исламның барлығын, қорқақты да, ержүректі де, сараңды да, жомартты да, ақымақты да, ақылдыны да және т.с.с. қамтитынын еске түсіргеніміз жөн. Исламға шақыру ісі өзінің маңыздылығына, қауіптігіне байланысты парасаттылықты, мәрттікті, батылдықты, табандылықты шешімділікті, ержүректілікті, ынсапты, өзгені өзінен артық көре алуды қажет етеді. Біз дінге шақыруда осындай қасиеттерге ие жандарды іске тартуға көңіл бөлуіміз керек. Осы секілді қасиеттерге ие жандар өзгеге үлгі болып, *дағуат* ісін атқарады.

Бірақ бұлардың да қате мен кемшілікке бой алдырулары мүмкін. Әрбір адамның қателік пен кемшіліктен үлесі болады. Дегенмен олардың табиғаты жақсы. Олар қателессе дұрысына қайтады, көпшілікті жекеден, мәнді формадан, ақиқатты сыртқы бейнеден жоғары қоя алады. Олар қандай жағдай болмасын өмірінің соңына дейін ұстанымға берік келеді.

Аллаһқа шақыру ісінде осындай жайсан адамдар көбейген сайын, басқалары азайған сайын жетістіктің нышандары арта түседі. Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) Меккедегі қиын кезеңде Аллаһ тағаладан екі Омардың бірімен исламды қуаттауын сұрап *дұға* жасаған. Өйткені Пайғамбар (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) ол екеуінің табиғатын білетін. Пайғамбардың (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) бұл *дұға*сы Омар ибн әл-Хаттабқа (р.а.) бұйырады. Омардың дін үшін жасаған қызметі елге мәлім.

Сондықтан исламға шақыру ісіне табиғаты сай келетін адамдарды

таңдауға көңіл бөлу және басқаларға да құшақ жаю қажет. Пайғамбар (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын): «Адамдар алтын мен күмістің металдары секілді металдар. Егер түсінсе, жәһилият (исламға дейінгі) кезеңдегі жақсылары, исламда да жақсылары болады», – деген (Муслим риуаят еткен).

58. ІРІТКІЛЕРМЕН (ФИТНАЛАР) ЖҰМЫС ЖАСАУ ФИҚҺЫ

Мұсылмандар кей-кейде Аллаһқа тіл тигізетін, Аллаһтың елшісін (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) кемсітетін, мұсылман азшылықтарына дұшпандық жасайтын, мұсылмандардың киелі ұғымдарын аяқ асты ететін, үмбеттің мызғымас ұстанымдарын келемеждейтін проблемаларға жолығып отырады.

Мұның артында тұрған себептер әртүрлі. Мысалы, жеккөру, дұшпандық жасау, надандық, танымал болуды қалау (атың шықпаса жер өрте), үмбеттің ықыласты балаларының қажыр-қайратын жою, оларды шынайы бағытынан басқа жаққа бұру.

Ақылды *дағуатшы* осы түрткілеулердің себептеріне, мүдделеріне, нәтижелеріне қарай отырып електен өткізе алуы, олармен жұмыс жасай алуы керек. Олардың бірін үнсіз өткізіп жіберсе, біріне атын атамай, түсін түстемей, дөрекілік жасамай жауап беруі қажет болады. Енді біріне тосқауыл қойып, атын атап, түсін түстеуі қажет болады. Сондықтан ақылды *дағуатшы* өте сақтықпен есептеп келуі және шекарадан асып кетпеуі тиіс. Өйткені шектен шығар болса, жасаған қажыр-жігерін жойып алады, жаулары қалаған қақпанға түсіп қалады. Олар оған қуанып, оған жаңа түрткілеулерді әзірлейді және өздерінің ойындарын қалағандарынша жалғастыра береді.

АЛТЫНШЫ ӨЗЕК:

МЕТОДИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

59. ИСЛАМ ЖӘНЕ ДАҒУАТ ІСІ

Ислам діні мен *дағуат* ісінің арасын айырып алуымыз керек. Ислам – Аллаһтың жалғандығы жоқ, мәңгі қалатын дұрыс діні. Ал *дағуат* ісі – дұрыс та, қате де болуы мүмкін адамдардың қажыр-қайраты.

Аллаһтың діні – киелі. Ал осының жолындағы іс киелі емес. Исламның киелігі ислами іске бұрылып оған күнәдан адалықты сыйламайды. Және ислами істердің қателігі де исламға бұрылып оны кеміте алмайды.

60. ЕҢ АБЗАЛ ӘДІС

Исламға шақырудағы ең абзал жол әу бастан исламның ақиқаттарымен, әдіс-тәсілдерімен тиянақты, анық және толық таныстыру. Бұл мәлімет алушының ақылы мен жандүниесінде нық тұрақтауына ең әдемі шақыру және оның ұсынысына жауап берудің ең жақсы үміті. Сондықтан әу бастан күмәнді нәрселерді келтіруден, оларға жауап беруден, ағымдар, көзқарастар, оларды қолдайтын не қарсы *ижтиһад*тар туралы сөз қозғаудан аулақ болуымыз қажет. Зәру жағдайда ғана шектен шықпай, *дағуат*тың негізіне зарар келтірмей жауап беруге болады.

61. ЖАЛПЫ ДАҒУАТ

Жалпы *дағуат* алаңында дау тудырмайтын ақиқаттар ұсынылып, теріс көзқарастар, ақиқаттан алшақ түсіндірулер, көптеген қосалқы мәселелер, болжамды жағдайлар түгілі фақиһтар арасында пікірқайшылығын тудырған мәселелер де көтерілмеуі тиіс. Өйткені бұл мәселелердің айтылатын орны мен айтатын мамандары бар. Олар қажеттілікке қарай нәзік ережелер арқылы ол мәселелерді талқылайды. Ал қарапайым халық пен жас буын өздеріне пайдалы іспен айналысқандары жөн.

62. ҚҰРАН ЕРЕЖЕЛЕРІ – ҚАЙТАР ҚАЙНАРКӨЗ

Құран ережелері ислам қоғамы үшін жалғыз жоғарғы қайтар қайнаркөзі. Олар оның ешкім қол сұқпайтын шариғаттың мызғымас негіздеріне айналуы тиіс. Мұсылман қоғамы өзгелерден пайда алулары қажет. Бірақ бұл сенімді ғалымдардың құптауларымен іске асқаны жөн.

Сондықтан шарғи бағыт-бағдар берілуі керек. Шарғи бағыт-бағдар асыл, үйлестіруші бағыт-бағдар қосалқы және қосалқы бағыт-бағдар құрал және қызметші ал шарғи бағыт-бағдар мақсат болғандықтан, шарғи бағыт-бағдарды үйлестіруші бағыт-бағдардан алдын қою міндет.

63. АЯҚТАҒАН ЖЕРДЕН БАСТАУ

Бізге дейінгілердің тәжірибелеріне сүйенуге шақырамыз. Кез келген ұйым, ұжым, орталық, мектеп не *дағуатшы* ісін жоқтан бастамайды. Олардың ешқайсысы бірінші болып Аллаһ дініне шақыру қызметін қолға алған жан емес және осы қасиетті мақсатты қолға алушылардың соңғысы да емес.

64. АНЫҚ ЖАЗБАЛАР

Біздің *дағуат* саласында жазғандарымыз анық, нақты, ретті, жүйелі болу керек. Жазуларымыз бір мағынаны беретін, жазушысынан оқырманына бір мағынаны ғана жеткізетін, екеуі де бір мағынаны түсінетіндей болу керек. Мұның өте маңызды екі пайдасы бар. Біріншісі, *дағуат*қа шақырушылардың арасындағы идеялық түсініктерді, іс жүзіндегі әрекеттерді біріктіру. Екіншісі, *дағуат*қа шақырушылардың арасындағы былық пен әбігерді жою, сөзінің бүрі, салмағы жоқ кереғар *ижтиһад* жасауға ұмтылып тұратындардың қате интерпретацияларына тыйым салу.

65. НАҚТЫ ТЕРМИНДЕР

Біздің арнайы терминдеріміз болуы және олардың мүмкін болса Құраннан алынуы керек. Бұл терминдер нақты, анық және тәуелсіз болуы тиіс және оларды аса сақтықпен, даналықпен таңдай алуымыз қажет. Осы терминдерді таңдау барысында кей-кейде болып тұратын идеялогиялық ағымдардың соңынан еріп кетуден аулақ болуға тиістіміз. Мысалы, социалистік идеялогияның дәуірі жүріп тұрса, исламды кеңестік деп, капитализмнің дәуірі жүріп тұрса, капиталистік деп, демократияның асығы алшысынан түсіп тұрса, исламды демократиялық деп сипаттамауымыз керек.

Ислам, ол – ислам, өзінің ережелері, мызғымас ұстанымдары, бастамалары, күтетін нәтижелері бар. Оның кейбір

бастамаларыныңбасқалардың бастамаларымен сай келуі оның кең ауқымдылығынан, барлық нәрсені қамтитындығынан. Бірақ бұл сәйкестік себебінен исламды мына не ана идеалогиялық бағытпен сипаттауымызға рұқсат бермейді. Өйткені ол исламның өз тұрақтылығынан, негізінен, шынайы ақиқатынан.

Бұл бізді кей-кейде шығып отыратын пайда болып, таралып отыратын, сырты бүтін іші түтін терминдерден сақтануға шақырады. Кейбір *дағуатшылар* білместіктен не басқаларға бүйрегі бұрып осы терминдерді қолдануы мүмкін.

66. ҚАУІПТЕРМЕН СЕЗІМДЕРДІ ДАМЫТУ

Мұсылмандар пайда болғалы нысанаға айналған үмбет. Себебі ол жолдау мен *дағуат* діні. Сондықтан ол дұшпандары тарапынан әрқашан қауіп-қатерге жолығып отырады. Өйткені олардың көпшілігі ақиқатты жеккөреді. Біз балаларымыздағы сезімдерді осы қауіп-қатерлермен дамытуымыз керек. Бұл жақындасуға шақыратын, өзара қарама-қайшылықтарды жеккөруге себепші болатын іс. Содан кейін бұл қауіп-қатерлер барлығына төніп тұр. Оларды білмеу қауіптілігін арттыра түседі. Қауіп-қатер екі түрлі: сырттан, басқалардан келетін қауіп-қатер; іштен келетін, өз қатарымыздан келетін қауіп-қатер. Тарихтан алған ғибрат сабағы бізге ішкі қауіп-қатердің ана құрлым жойқын, үрейлі екендігін көрсетеді.

67. ЫҚЫЛАС ПЕН САУАП

Ислам дінінде ықылас өте жоғарғы орынға ие. Өйткені ол амалдың рухы, қабыл болуының шарты. Ықыластан айырылған амал бос әурешілік. Дегенмен бір ықыластың өзі жеткіліксіз. Кейде амал ықыласпен болғанына қарамастан дұрыс болмауы мүмкін.

Сондықтан дұрысқа шақыратын *дағуат* ықыласқа қосылуы тиіс. Осы екеуі жетістікке жету жолы.

Дағуатшылар дұрыстың құнын білулері, оған ынталандырулары, ықыласқа шақырғандары секілді оны ұстануға да шақырулары тиіс. Оның маңызды екі себебі бар. Біріншісі, дұрыстың құны, ол жетістіктің сыңары, шарты, жартысы. Екіншісі, ислам саласында жұмыс жасап жүргендердің көпшілігінде жақсы ниет басым келеді де олар алданып, келеңсіз жағдайларға қалып қояды.

Кейде олар жұмыс жасауға абзалырақ орын бола тұра, абзал емесін таңдауы мүмкін. Кейде қажет емес іске күштерін жұмсауы да мүмкін. Кейді бар күш-жігерлерін қате іске арнауы мүмкін және өздері сол істің алғашқы құрбандығына айналып та жатады. Өзгеріске ұшыраған жаңа жағдай алдыңғысынан да жаман болуы мүмкін.

68. РЕТТЕЛГЕН ШАБЫТ

Шабыт – жақсылық пен береке. Ол шешімділік, іскерлік, бастама жасау, жігер, жақсылықта жарысу, өзгені өз нәпсі қалауынан артық санау, жасампаздық және басқа да *дағуат* амалын алға жылжытатын мақтаулы сипаттардың рухын тұтатады. Осы рухтың көлеміне қарай амал да ілгері басады. Осы рухтың әлсіреуіне қарай амал да әлсірейді. Сондықтан *дағуатшылар* шабыт алауын тұтатуды әдетке айналдырған және олардың бұл ісі неткен керемет. Дегенмен өте маңызды екі істі сақтау қажет.

Бірінші, шабыттың мөлшері нақты есептелген болуы тиіс. Оның мысалы дәрігердің ауру адамға сипаттап берген дәрінің мөлшеріндей. Оған қажетті мөлшерді нақтылап, одан асырмай да, кемітпей де беру. Бұл мөлшерден асырып жіберу, әсіресе, жастарда қызбалық пен қозу қуатын тудырады. Ол өз кезегінде діттегенін қате жолмен жеткізуі мүмкін.

Екінші, дана *дағуатшы* өзімен бірге жүргендерге шабыттарының қуатын жұмсайтын пайдалы істерді әзірлеуі тиіс. Бұл арқылы ол адамдар өздерінің пайдасы тиіп жатқанын сезінеді. Өйткені олар шамалары келгенді орындайды, әрекетсіз отырса өздерін жегідей жеп қоятын ар-ожданының жазғыруынан құтылады. Адамдар да олардың пайдаларын көріп, бақытты болады.

69. АЛҒА ҰМТЫЛУҒА БАТЫЛДЫҚ

Батылдық өте ұлы қасиет. Дағуашылардың бұл қасиетке ие болғандары жөн. Өйткені ол *дағуат* ісіндегі ең маңызды құралы. Кез келген *дағуат* ісінің жетістікке жету себептерінің бірі – батылдық. Кез келген *дағуат* ісінің сәтсіздікке ұшырау себептерінің бірі – батылдықтың болмауы. Бірақ бұл батылдыққа ойлана, асықпай, жағдайды жеті өлшеп бір кесіп, батылдық пен даналық бірге болатындай етіп жақындау қажет. Басқаша жағдайда ол шәлкестік, ессіздік болады.

70. КЕРІ ШЕГІНУ БАТЫЛДЫҒЫ

Қажет жерде алға ұмтылу – міндет. Кері шегіну де сондай. Ол екеуіндегі шешім қабылдайтын нәрсе арқа сүйер қайтар бастама ғана. Екі жағдайда да ол мақтауға лайықты батылдық. Бірақ кері шегіну батылдығы өз серігі алға ұмтылу батылдығына қарағанда әсерлі. Өйткені алға ұмтылушы батыл адамды адамдар қол соға қошеметтейді. Ал кері шегінуші батыл адамды адамдар қыспаққа алуы, сөгуі, айыптауы мүмкін. Бірақ оның алысты көре алуы олардың шабыттары мен тәжірибесіздіктерін аттап өтуге көмектеседі.

Көреген сахаба Халид ибн Уалид (Аллаһ оған разы болсын) Мута шайқасында кері шегіну батылдығын таңдаған. Өйткені ол алға ұмтылудың өзін және өзімен бірге болғандарды құрдымға жіберу екенін көре білген. Сондықтан кері шегініп, Мәдинаға қайтқан. Ал ол неткен батыл және тәжірибелі! Ол күні кері шегінген жастар өздерін «қашқындар» деп сипаттады. Бірақ Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) оларды мақтады, оларды «қайта оралушылар» деп сипаттады.

Осылайша кері шегіну батылдығы дұрыс болды. Халид та соған жүгінді. Алға ұмтылу батылдығы қате еді. Халид оған жақындамады.

71. ҚАЖЕТТІ БАЙСАЛДЫЛЫҚ

Біз қобалжудан даналыққа, тұтанудан ұстамдылыққа, өмір істеріне немқұрайды қараудан оларды білуде шебер болуға, шеше алуға, оларды басқару ісіне араласуға ауысуға шақырамыз.

72. АТАУЛАР ЕМЕС, АТАЛҒАН НӘРСЕЛЕР МАҢЫЗДЫ

Егер атауды атауға қажеттілік туындаса, *дағуатшылар* оны істегендері жөн. Тек балама атау заттың ақиқатына зұлымдық жасамаса болды.

Алғашқы ислам кезеңінде тағлаб тайпасының тұрғындары христиан болғ анымен ислам үкіміне разы болады. Бірақ олар жизя төлеуді жеккөреді де оны садақа деп төлейміз деп жариялайды. Себебі олар «жизя» деп атауда қорлық бар деп санады. Сонда мұсылмандардың әміршісі Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) олардың бұл ұсыныстарын қабыл алады. Өйткені оны ұсынғандар оның атауын жеккөргенімен, мазмұнына разы болған. Бұл Омардың көптеген көрегендігінің бірі.

73. БІЗДІҢ ҚОҒАМЫМЫЗ МҰСЫЛМАН, АЛАЙДА

Біздің қоғамымыз мұсылман, жәһіл (надан) емес. Ондағы енжарлық, жаман істер, бидғаттар, адасушылықтар бізге оны жәһілдік (надандық) деп атауға рұқсат бермейді. Ондағы бар жаман нәрселерді жәһілдік деп сипаттауға болады. Бірақ олар жекелеген жәһілдіктер.

Біздің құрметті Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) Әбу Зар (Аллаһ оған разы болсын) Биләлді (Аллаһ оған разы болсын) «Ей, қара қатынның баласы!» деп айыптағанда «Онда жәһілдік (надандық) бар» деп сипаттаған. Пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) әдебі мен нақтылығын Әбу Зарды «жәһіл» (надан) деп атамай онда жәһілдіктің бір қалдығы бар екендігін ескертті. Әбу Зәр мұны түсіне салысымен одан құталады да, Биләлдан кешірім сұрайды. Ендеше жәһілдіктің бір қалдығы қалу адамды ислам дінінен шығармайды.

Бұл біздің бүгінгі қоғамымыздың жағдайы. Онда жәһілдік деп сипаттауға болатын нәрселер бар. Олардың деңгейлері мен түрлері жағдайға, уақытқа, орынға қарай саналуан болып келеді. Бірақ та қоғам мұсылман қоғамы болып қала береді және мұны *дағуатшылар* ұғынулары, қоғамды одан құтқару үшін амал етулері, онсыз қоғамның исламы кемелденбейтіндігін ашық айтулары тиіс.

74. ДІНГЕ ЖАҢАДАН КІРГЕНДЕР

Мұсылманның исламды қабылдаған әрбір жаңа адамға қуануы табиғи жағдай. Алайда кейде осы қуаныш шектен шығып кетіп жатады да құтылуы мүмкін қателіктерге бой алдыртып қояды. Өзіміз бен тура жолды тапқан жаңа адамның мүддесі үшін, орын алуы мүмкін қателіктерден құтылуымыз үшін дінді қабылдаған адамның ниетін, ақылын, туралықты ұстануын, даналығын нақтылап алуымыз керек.

Одан кейін қалыпты жағдайда ниетіне, түсінігіне, мінез-құлқына ислам діні терең сіңуі үшін оған көмектесеміз. Осылайша ол табиғи дамуының көлемінде бола береді. Ал егер дінді жаңада қабылдаған адамның алдында материалдық және әдеп тұрғысынан шарқ ұра беретін болсақ, оны жатып ішерге, ол бізден емес, біз одан тәлім алуымыз тиіс ұстаз сезінетін даңғой жанға айналдырып жіберуіміз мүмкін.

75. ЖЕҢІСТЕР МЕН ЖЕҢІЛІСТЕР

Ислам тарихында мақтаныш тұтатын даңқты жағдайлар өте көп. Исламға шақыру ісінде де мақтаныш тудыратын амалдар жетерлік. Бұл даңқтар болашақта ұстанатын, басшылыққа алатын ұмтылыстарда жетекші іс рухына айналса пайдалы қуатқа айналады. Сол секілді құр мақтаншақтықпен және бос жырлармен шектелетін болсақ зиянды қуатқа да айналуы мүмкін. Ислами істерде қателіктерде тіркелген. Егер олардан сабақ, ғибрат алар болсақ, болашаққа құрушы іскерлік рухымен бағыт алсақ, олар да пайдалы қуатқа айналады. Сол секілді құр жылап, көз жасын төгіп, өз-өзімізді жазғыра берумен шектелетін болсақ, олар да зиянды қуатқа айналады.

76. ФИТНА МЕН ҚАҚТЫҒЫСТАРҒА ҚАТЫСТЫ ХАДИСТЕРДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ ТИІСТІМІЗ?

Ислам – сақтаулы, Аллаһтың қалауымен жеңіске жетуші дін. Оны жаулары жеккөрсе де, болашақ исламда. Осылай Хаким Кітаптың (Құранның) аяттары, шариф хадистердің мәтіндері, қазіргі жағдайдың сүйіншілеулері мен болашақтың айғақтары орындалады.

*Дағуатшылар*дың осы үмітке деген сенімдері бекем, толық болу керек. Өйткені ол әу басынан дұрыс. Содан кейін бұл сенім оның күш-жігеріне, жетістіктерге жету жолындағы істеріне жәрдемші болады.

Мұнда айтылуы тиіс жайттардың бірі: фитна мен қақтығыстарға қатысты хадистерің көпшілігі дағиф. Бұл үмбеттің жағдайы әрдайым жаманнан одан жаманға қарата бағыт алатындығын көрсететін сахих хадистер уақыттық, мекендік, тұлғалық ерекшеліктерге ие. Бұл олардың айқындығына шектеу болатындығын, барлығына бірдей жаппай қолдауының қате екендігін көрсетеді. Өйткені қате дәлелдер жеңіске жетуге уәде берген күшті, анық, жалпы шарғи настарға (аяттар мен хадистерге), Аллаһтың жаратылыстағы сүннетіне (заңдарына), тарихтың көне және қазіргі тарихындағы оқиғаларға қайшы келеді. Сонымен қатар Аллаһтың адалдығына да кері ағымды. Аллаһ тағала адамдарға дінін жетістікке жеткізу үшін күш-жігер жұмсауды міндеттейді және оған уәде етеді. Ал олар болса жеңіліске ұшырауды сезініп жүреді. Аллаһ мұндайдан аулақ. Егер жекелеген мәселелерді жалпы нәрсенің, болжамды нәрселерді кесімді нәрселердің аясында түсінетін болсақ, фитнаға қатысты хадистерді дұрыс орнына қоя аламыз. Біз исламды Аллаһтың бұйрығымен жеңіске жететін дін екендігіне айқын сенімде боламыз.

77. БОЛАШАҚ ИСЛАМДА

Ислам – жетістік діні. Ол Аллаһ тағаланың адамдарға жіберген соңғы жолдауы. Оны әрдайым үстем етуге уәде етті.

Дұрысы, мұсылман үмметі ауық-ауық әлсіздік кезеңдерді басынан кешіруде. Дегенмен олар алға итермелеуші ақидаларының, кеңбайтақ жерлерінің, стратегиялық орналасуының, сантүрлі қазыналарың, санының артуының арқасында әрдайым әлсіздігін еңсеріп отырған. Осылайша басшылық орынға қайта келеді. Оның ұзақ тарихы осының жарқын куәгері. Егер мұсылман үмметінің басына түскен сынақтар мен ауыртпалықтар басқалардың басына түскенде толықтай жойылып та кетер ме еді.

Дағуатшылар осы мағынаны үнемі елге сүйінші етіп таратулары керек. Өйткені ол үмітсіздікті жояды, үмітті оятады, іске ынталандырады. Бұл сүйіншілендіру қажетті күш-жігер жұмсаумен бірге болуы, қажетті себептерді ұстануы тиіс. Себебі Аллаһ тағаланың мызғымас заңдары (сүннеттері) бар. Ол заң бойынша, омалып отырғандарға тегін жеңіс жоқ.

ЖЕТІНШІ ӨЗЕК:

МАҚСАТТАР МЕН ҚҰРАЛ- САЙМАНДАР

78. МАҚСАТТАР МЕН ҚҰРАЛ-САЙМАНДАР

Негізгі мақсаттар – беріктік, тұрақтылық. Қосалқы мақсаттар кезеңмен болады. Ал құрал-саймандар қайта жаңаланып, икемді, дамыған болуы тиіс. Құрал-саймандарды үнемі жаңартып, ауыстырып, түрлендіріп, дамытып, мұсылмандар мен мұсылман еместердің тәжірибелерінен үйреніп отыру қажет. Өйткені даналық – мүминнің жоғалтқаны. Одан кейін *дағуат* ісіндегі әрбір құралға екі ұстанымның негізінде жүгінеміз. Біріншісі, оны құрудан алдын оған деген шынайы мұқтаждықтың болуы. Екіншісі, оны құрғаннан кейінгі жақсылықтары жамандықтарынан көп болуы. Бұлай болмаса, оған рұқсат етілмейді. Мақсаттың мақсат, құралдың құрал болып қалуына қатты көңіл бөлу керек. Мақсаттың құрал, құралдың мақсат болуы өте қауіпті. Бұл біздің тарихымыз бен мәдениетімізде орын алған жағдай

79. АЛҒЫРЛАРҒА КӨҢІЛ БӨЛУ

Алғыр және дарынды студенттерге көңіл бөлуіміз қажет. Өйткені солар жаңартудың, дамытудың, ойлаудың, пайдалы баламалардың, келешегі бар ұсыныстардың көшбасшылары.

80. СҰҚБАТ ӘДЕБІ

Сұқбат әдебі мен өнерін үйренуге шақырамыз. Өйткені сұқбат жүргізу табысты *дағуат* құралдарының ең маңыздысы. Табысты сұқбат жүргізуші өзі шақырып отырған мәселенінің сәтті қорғаушысы, ал кері істерде керісінше.

81. АБЗАЛ ЕМЕС НӘРСЕГЕ БАСЫМДЫЛЫҚ БЕРІЛГЕНДЕ

Адамдардағы *фиқһи* және *дағуат* таңдаулары көп. Ол таңдаулар жағдаяттар мен жағдайларға, түсініктер мен білім деңгейлеріне қарай саналуан болады. Бір адам өз таңдауының дұрыстығына, абзалдығына сенімді болса да өзгелерге міндеттеу даналыққа жатпайды. Дұрыс нәрсенің маңайында топтасқанымыз дұрысырақ істің маңайында айырылысқанымыздан, абзал емес нәрседе ынтымақтасқанымыз абзалдықтың төңірегінде жанжалдасқанымыздан қайырлы.

82. ТАЛАП ЕТІЛГЕН ҚУАНЫШ

Қуаныш рұқсат етілген шегінде болғанда адамның ортасымен байланысын бекіте түседі. Бұл олардың ортасына деген қызғанышын арттырады, ықыластарын күшейтеді, идеяларын бойларына сіңіртеді. Сондықтан біз осы іске шақырамыз. Ол туралы түрлі шараларда айтуға да шақырамыз. Айттарда, оқу жылы басталуы мен аяқталуы мейрамдарында. Осы үшін тойлар, өлең-жырлар, жарыстар, спорттық жарыстар ұйымдастыру, сыйлықтар мен марапаттаулар ұсыну және басқа да шаралар жасалу керек.

83. КҮМӘНГЕ ЖОЛ ЖОҚ

«Раббыңның жолына (адамдарды) даналықпен және жақсы үгіт-насихатпен шақыр. Әрі олармен ең көркем түрде даулас» («Нахл» сүресі, 125-аят) және «Кітап иелерінің [яһудилер мен христиандардың] (мұсылмандарға) зұлымдық қылатындарынан басқаларымен тек ең көркем түрде ғана [дәлел келтіріп, сыпайы кейіпте ғана] дауласыңдар» («Анкабут» сүресі, 46-аят).

Теориялық сұрақтарды қоя беру, болжамалы пікір-таластар, оғаш пікірлер, ұмыт болған *ижтиһад*тар, болжамды ықтималдар, өнімсіз дауласу есігін жабуға шақырамыз. Себебі ол уақытты, жігерді, мал-мүлікті зая ету, орындауы тиіс шынайы жауапкершіліктерден қашу. Егер оны жасаудан басқа жол болмаса, біз Құран кәрімнің бағыттауымен көркем түрде пікір таластыруымыз керек.

84. АРАБ ТІЛІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тіл ғылым мен білім тамыры және Ислам мәдениетінің алғашқы тамыры. Сондықтан шариғат мәтіндерін дұрыс түсінуде арабша ойлаудың маңыздылығы зор. Араб тілі өмірде өзге тілдер секілді. Бірақ Аллаһ тағала оны Өз кітабының тілі етіп таңдады. Аллаһ жолдауын қай уақытта, қай жерде, қай тіл және кім арқылы жеткізетінін басқаларға қарағанда жақсырақ біледі. Пайғамбар (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) сүннеті, ислам мұрасының басым бөлігі де араб тілінде жазылған. Ислам тарихы ислам дінінің араб тілімен бірге тарағанда оны дұрыс түсіну де бірге болған. Сондықтан қолымыздан келгенше араб тілін әлемде, әсіресе араб емес мұсылман елдерінде таратуға да мән беруіміз қажет.

85. ҚҰРАЛ МЕН МАҚСАТ БІРГЕ

Ислам ісіндегі түпкі мақсат – Аллаһ сөзінің үстем болуы, адамдарды сол жолға салу. Бұл мақсат ұлықтығымен және қадірімен абыройлы, тек абыройлы құралдарға мұқтаж. Бұл бізді Италья саясаткері Макиавеллиге тиеселі танымал «Мақсат құралды ақтап алады» деген сөзінен сақтануға шақырады. Ол сөздің мәні: абыройлы мақсат сүйенген құралдың жамандығын ақтап алады. Ол мағына исламда түбімен қабыл етілмейді. Бұл тіркес мұсылмандар арасында кең тарап, кейбіреулер оны мақұл тұтты. Мұның жамандық екендігі анық, ең сорақысы *дағуат* ісіне тиеселі кей істерде оның қабыл алынуы. Оның салдары бір сор немесе сорлар болды. *Дағуат* ісі бұл сөзді сөз жүзінде де, іс жүзінде де қабыл етпейді, оны қолданатындардан бас тартады және ондайлардың тұмсық тығуына кедергі келтіретін қажетті ықтияттарды алады.

СЕГІЗІНШІ ӨЗЕК:

ӘДІСТЕГІ САҚТАНДЫРАТЫН НӘРСЕЛЕР

86. КӘСІП ЕМЕС, БОРЫШ

Расында, *дағуат* ісі борыштан кәсіпке айналатын болса, тарихта ондай жағдай көп орын алған, форма мазмұннан, жұмыссыздық іскерліктен, эгоизм альтруизмнен, басқа біреудің атын жамылушы тектілерден, екіжүзділер шыншылдардан басым келеді. Бұлардың барлығы мына не ана *дағуат* ісінде кездесетін әртүрлі деңгейде болатын қасірет. Ол борыштан кәсіпке айналғанда орын алады. Ол мұсылмандарды *дағуат* ісіндегі ықыласын қайтарып, өздеріне қарсы бұл істің жауларына күшті қару береді.

87. БАСШЫЛЫҚТЫҢ БІР АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

Дағуат ісінің екі қайтар дерегі, екі анықтамалығы болудан өте сақ болу керек. Оның бірі жария, рөлі сөз жүзінде, жай бетперде іспетті ғана. Екіншісі жасырын, рөлі іс жүзінде шынайы. Ол осы бетпердеге қалағанын істейді. Сыртқы анықтамалыққа бейне, жасырын анықтамалыққа іс. Жасырын анықтамалық қалағанын жалғыз өзі шешеді, оны сыртқы анықтамалыққа міндеттейді немесе өзі қалаған шешімді қабылдауға мәжбүрлейтін жағдайға қалдырады. Бұл жалғандық пен көзбояушылық, *дағуат* ісі ұстанымдарына ашық қайшылық. Әсіресе шура (кеңесу) ұстанымына қарсы. Заңсыз шешімдерге қарсы заңды сипатты жою. Тіпті ол шынайы диктатура. Бұл жеккөрінішті әдіс жасырын анықтамалықты сыртқы анықтамалыққа менсінбей, менмендікпен қарайтын, сыртқы анықтамалықты жасырын анықтамалыққа өшпенділікпен, аңдып қарайтын етеді. Сол секілді оны қолдаушыларының алдында әлсіз, шарасыз етіп көрсетеді. Мұның барлығы дұшпандықты, өшпенділікті тудырады, сәтсіздікке, жеңіліске жетелейді. Осы секілді екі жақтылығы болған *дағуат* ісі соның себебінен өте ашы төлем төлеген.

88. ӨЗГЕРІСТІҢ АЛДАУЛАРЫ

«Өзгеріс» сөзі ондағы дұрыс пен бұрысқа мән берместен дағуаштыларда да, басқалаларда да жақсы көретін ұранға жатады. Бұл жерде барлық өзгеріс жақсылық әкелмейтінін шегелеу керек. Кейде өзгеріс жалпы адамдарға, әсіресе *дағуатшыларға* зиянды болуы да мүмкін. Ежелде бір ақын былай деген екен: Бір күнді жамандап жылаған да шығармын Кейіннен сол күнге зар болып та қалармын.

Ескіден атақты кемеңгер сахаба Амр ибн әл-Ас (Аллаһ оған разы болсын): «Қатігез басшы үнемі болатын фитнадан жақсы» деген. Ол қатігез басшыны мақтамады. Бірақ ол оның баламасына қарады да, сақтандырды.

89. ІСТІҢ ҚАЙТАРЫМЫ (ЖАУАБЫ)

Кейбір реформа жасаушылар бой алдыратын істің қайтарымынан сақтандырамыз. Кейде олар кейбір түсінік пен мінездегі қисықты көргенде оған қарсы тұруда шектен шығып, рұқсат етілген кең алаңды тарылтып жатады.

90. АҚЫЛ МОЛШЫЛЫҒЫ

Молшылық өмірдің барлық салаларында басқа бұзғыншылықтарға жетелейтін қауіпті қаржылай бүлдіруші жаман іс. Сондықтан ислам барлық үмбеттерде шектен шыққан молшылыққа, оның жайылуына қарсы тұрған, оның құрдымға жетелейтінін айтып сақтандырған. Сондықтан *дағуатшылар* да шектен шыққан молшылыққа қарсы тұрулары тиіс.

Мұнда екінші бір қауіптірек молшылық бар. Оған қарсы тұрған жөн. Ол кейбір *дағуатшылардың* не өздерін *дағуатшы* санайтындардың арасында кең тараған ақыл молшылығы. Оған осы күні түбегейлі жойылып, ұмыт болған, үмбетке еш проблемасы жоқ ағымдарды зерттеушілерді айтуға болады. Олар туралы кітаптарында тараулар арнап не соған арнап кітаптар жазып жатқандар. Оларды оқисың, алайда ойына нақты қызмет етпейтін жинаған мәліметтерінен не қалайтынын білмейсің. Тіпті ол мәліметтер мүлдем дұрыс болмауы да мүмкін. Өйткені оның мақсаты мол мәліметтерімен ерекшеленгенді ғана қалайды. Бос, ирелденген, оралған сөздерді адамдардың мақсатының бұлыңғыр екендігін көреміз, оның басқа бір себебін айтуға да келмейді.

Осы үлгілер және сол секілділер ақыл молшылығының бір түрі. Бұл материалды молшылықтың баламасы секілді не одан да жаман молшылық. Шынайы *дағуатшылар* осыдан сақтандырулары керек.

Ол уақыт пен күшті, қаржы мен сауапты бос сарп ету, шынайы жауапкершіліктен қашу.

91. ТАҒАССУБ (БІРБЕТКЕЙЛІК, АСЫРА СІЛТЕУШІЛІК) ПЕН БІР ЖАҚТЫЛЫҚ

*Дағуат*шының өзі таңдаған құралға, әдіске бүйрегі бұратыны табиғи жағдай. Себебі ол бұл құрал мен әдісті басқаларына қарағанда артық ететін ерекшеліктеріне қарай отырып таңдаған. Дегенмен мұны ең кемел, мінсіз деп санамауы және басқалардың таңдаған әдіс-тәсілдеріне зұлымдық жасамауы тиіс. Міне осы рұқсат етілген, мақталған әрі міндетті бүйрек бұру. Егер осыдан ауытқитын болса, ол ислам діні тыйым салған, жәһілдік (надандық) деп сипаттаған айыпталған тағассубке түсіп қалады.

Бұл абзалдық өлшемінің тақуалық пен салиқалы амал екендігін әрдайым біздің есімізге салып отырады. Ең маңызды нәрсе ол жәһілдік (надандық) бірбеткейліктен аулақ болуға шақырады. Әсіре бүйрек бұрушылыққа аймаққа, партияға, әулетке не адамдардың бір тобына межеден тыс жақтасу жатады.

92. АСҚАҚТЫҚ, АЛАЙДА

Мүміннің жалғандыққа жоғарыдан қарауы – мақтаулы сипат. Бұл оның жүрегі мен ақылын жандандырып отырған Аллаһқа деген тәуекелінің, өзі шақырып отырған дінінің дұрыстығына деген нық сенімінің дәлелі.

Алайда мүмкін үлкен қателікке ұрынып қалуы мүмкін. Оның жалғандыққа жоғарыдан қарауы сол жалған істе жүргендерге жоғарыдан қарауға айналып кетуі ықтимал. Міне осы асқақтық нәпсі айласының бірі. Ол адамда басқалардан жақсырақпын деген сезімді оятады. Өз тазалығымды басқалардың бұзылуымен, білімімді олардың надандығымен, асқақтығымды олардың пәстігімен былғап алмайын деген ойға жетелейді. Егер ол осы жағдайға жетсе, оның *дағуатшыларға* үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Керісінше ол өзі үшін ауытпашылық.

Расында, *дағуатшы* адам жалғандыққа шақырушыға емес, жалғандықтың өзіне асқақтықпен қарауы тиіс. Тіпті оларға қызмет етуді өзіне мәртебе еткен Аллаһқа оларды жақсы көру, сабыр сақтау, олардағы жақсылық көздерін байқау арқылы шүкіршілік айтуы тиіс. Осылайша асқақтықты өзінің дұрыс орнына қоя алады, нәпсінің айласынан құтылады. Бұл жеке тұлға мен партияның асқақтығы емес, ақиқат пен ұстанымның асқақтығы.

93. ДІН ЕМЕС, ӘДЕТ

Кей жағдайда кей әдет, дәстүр мен ғұрып үлкен салмаққа айналады. Ол дін секілді көрініп кетеді. Ал оның дінге қатысы жоқ. Мұны қуаныш пен қайғы шараларында, жалпы қоғамдық байланыстарда, әсіресе әйелге қатысты істерде байқауға болады. Сондықтан әдет пен дінді ажырата білуіміз керек. Әдеттің дұрыс не бұрыстығына дін таразысына сала үкім береміз.

94. ҚАНАҒАТ ТҰУ, ТАСТАП ҚОЮ, ЕНЖАРЛЫҚ

Кей *дағуатшы* жастар үмбетті өткен даңқына қаша береді, ол туралы жиі сөз қозғайды, оны көп жырлайды, шамасы келетін істі атқармаса да, түк бітірмесе де өзін соған теңей береді. Ол осылайша бүгінгі мен болашақ іске белсенді араласпай, өткенді қанағат тұтып өз кемшілігін ақтап алғысы келеді.

Кей біреу үмбеттің бүгінгі ауыр жағдайына қашады. Ол арызды, жылауды, өкінішті, мына не ана тарапқа рас не жалған түрде жауапкершілікті лақтыруды жиілетеді. Ол өзі болса түк бітірмейді, қолынан келетінді жасамайды. Осылайша ол өзін жауапкершіліктен құтылдым деп санайды. Өзін үмітсіздік пен даудың арасына тастап қойып, өмірдегі өз орны мен қызметін жандандырмайды, Аллаһ тағала өзгелерден ерекшелеп, өзіне мәртебе еткен ізбасарлық жолдауын сезінбейді.

Мұнда үшінші топқа жататындар да бар. Олар болашаққа қашады, реформатор (мужаддид) имамның не Мәһдидің (Мәдінің) немесе аян берілген басшының яки ержүрек құтқарушы батырдың келуіне телміріп, түк те істемейді. Олардың келуі ешқандай бекітілген заңдылықтарды, бейтарап заңдарды, бар әдет-ғұрыптарды есепке алмастан барлық проблемаларды шешеді, барлық үмітті іске асырады деп ойлайды. Осылайша оның бүгінгі белсенділігі енжарлыққа айналады, ең ұлы құндылық жандандыру, тірілту құндылығынан айырылады.

Расында, осы үш топ шамалары келетін жауапкершіліктен қашады, сыныққа сылтау іздейді, өз-өзіне алданады. Бұл *дағуат* ісіне, өмірге бір салмақ.

Ақиқатында талап етілетін нәрсе ол мұсылманның өз *дағуат*ын, ғасырын, шамасы келетінді білуі және оны аз не көп демей ықыласпен, ұқыптылықпен орындауы. Көп аз-аздан жиналады. Теңіз тамшыдан құралады. Егер Аллаһ тағала пендесінің ықыласы мен ұқыптылығын көрсе, амалын қабыл етеді, көлемі қандай болғанына қарамастан оны өсіреді. Оның жемісін, ісінің берекесін үмбет көреді.

95. БОС ЖӘНЕ ТАЛҚАНДАУШЫ КЕШКІ САУЫҚ

Нәпісінің алдауына кей *дағуатшылардың* түрлі шараларда кездесулері де жатады. Бұл кездесулер пайдалы іске қарағанда бос кешкі сауыққа жақындау. Ол жер жаһанды әңгімеге арқау етіп, мына не ана адамды, мына не ана тарапты сынап, оларды бір іске қатысты жерден алып жерге салып жатады, бір істі қиялдап, екінші істі армандап уақыттарын ысырап етеді. Олар осылайша Раббыларының алдында өздерін ақтап алғылары, шамалары келгенше Оның дініне жәрдемдескендеріне үзір іздейді. Ақиқатында, олар ауқын-ауқын бұл мылжың сөздерімен Аллаһтың дініне жәрдемдеспейді, керісінше өз нәпсілеріне алданады. Ол уақытты босқа өткізу мен сөзден рахаттану.

Расында, олардың бұл ісі дінге қызмет етеміз деген қалауларын сезінуді жалған жұбату, өздерін және өзгелерді алдау, разылықтың қияли ыдысын көтеріп, шынайы жауапкершіліктерінен қашу, мылжыңдарына, жағымсыз сипаттарына, әлсіздіктеріне мүлдем жуымайтын лайықты емес діни жамылғы жабу.

96. ШЕКТЕН ШЫҚҚАН ЕНЖАРЛЫҚ

Көптеген мұсылмандардың, оның ішінде *дағуат* мүшелерінің діндері мен өмірлік істеріндегі қимылдары шектен шыққан енжарлықпен сипатталады. Бұл Аллаһ тағаланың оларға барша адамзатқа көшбасшылық етуге лайықты ететін, алға ұмтылдырушы дұрыс ақидамен, мол қазынамен, маңызды стратегиялық орналасуымен, адам санының өсуімен өркениет түзу үшін берген ұлы нығметтеріне кері ағым. Сондықтан олардың ақылдылары осы проблеманы шешуге, мұсылмандарды жарамсыздықтан белсенділікке, енжарлықтан жасампаздыққа алып шығу үшін терең үңілулері тиіс. Бұған көмектесетін ең маңызды іс ол іске бел шеше кірісу, өнертапқыштық, бағалай алу, жақсылықта жарысу, ұқыптылық, мүмкіндіктерді барлығына тең ету, іргелі істер, жақсылық жасаушыны демеу, жамандық жасаушыны жауапкершілікке тарту және істі жақсы көру.

97. ҚҰПИЯЛЫҚТЫҢ ҚАТЕРІ

Ислами идеология мен ислами істе жасырын, құпия, астарлау мәселелерінен қатты сақтандырамыз және исламың толық, ашық дін екендігін дәлелдейміз. Оның барлық ұстанымдары, идеологиялары жария, онда ешқандай құпия нәрсе де, артық үстемелер де жоқ.

Ақиданың ашықтығы оған қуат береді. Өйткені ислам мақтаныш ететін жарияны ұстайды. Оған қоса адамдардың табиғаты анық, жария, түсінікті, тура ойларды қабыл етеді, құпия, бұлыңғыр, бұрмаланған ойлардан қашқақтайды.

Құпиялылық жауларынан бұрын ең әуелі оның иелерінің өзіне зиянын тигізеді. Оның құпиялылығы оны күрделендіре түседі. Себебі жарықта көзге көрініп тұратын, жөндеуге келетін ашық қателікке қарағанда ол көрінбейтін қараңғылық.

98. ЖАЛПЫЛАУДЫҢ ҚАТЕРІ

Зиянды жалпылау апаты *дағуатшылардың* көптеген кітаптарында кездеседі. Мысалы, мұсылман емес күштер тек исламға қарсы бірігеді деген есеп; исламның жаулары барлық нәрсеге құдіретті; ресми ислами істің барлығы алдау, астыртын қастандық, зарар келтіру, одан сақ болған жөн; халықтың ислами ісі тек жақсылық және толық дұрыс іс; ислами үмбеттің дамудағы анық қадамы нақты бір топтың қолында ғана немесе оның құлдырауы нақты бір топтың қолында; әрбір істе топтың астыртын қастандығы бар немесе ол екінші бір топта мүлдем жоқ. Бұлай ойлауда нысап пен шынайылық жоқ. Ол үстірттік пен аңғырттыққа қалдырады. Алдын ала қалбырланып, әзірленіп қойылған үкімдерге жүгінеді. Өз жақтастарын баламаларды, шешімдерді және ұсыныстарды іздеу міндеттілігінен босатады. Олар жалқаулық пен бойұсынуға арқа сүйеп, өздерін кешірімдіміз деген жалған ойда қалады. Өздерін жаман күштер топанының алдында қауқарсызбыз деп ойлайды. Одан кейін бұлай ойлау Аллаһтың қорғанудағы заңдылығына қайшы. Бұл зиянды жалпылаулардан сақтандыру, ақылының нұры мен жүрегінің шабытын жандандыру, істерді шешу жолдарын жақсарту, оларды орындарына қою, себептер мен салдарды, қорытындылар мен нәтижелерді түсінуге талпыну, шешімдерді таңдау мен оларды ойлап табуға тырысу және бос қиялдың қармағына түсіп қалмау, екі жаманның бірін таңдауға мәжбүр болып қалмау мұсылманның міндеті.

99. ҚАСТАНДЫҚ

Соңғы он жылдықта жалпылайтындар мен оны теріске шығаратындардың арасындағы қастандық және оған қарсы ұстанымын қатты ұстанушы туралы жиі айтылатын болды.

Расында, қастандық жасау адам пайда болғалы бар және болашақта да бола бермек. Алайда біздің дінімізде де, ақылға салсақ та әр нәрсені астыртын сөз байласу деп түсіндіру дұрыс емес. Біз астыртын сөз байласудың кейде сәтті, кейде сәттіз болатынын білуіміз керек. Кейде ол астыртын сөз байласушылардың өздеріне қарсы болуы да мүмкін. Біз астыртын сөз байласумен алыстан, қате саналатын шектен шығушы кері ағымды екі тараптан сақтана отырып қарым-қатынас жасасуымыз керек. Ол кері ағымды екі тарап: жеңіл қарау мен үрейлену. Бұл өзіміздің әлсіздігіміз мен қателіктерімізді астыртын сөз байласуға (қастандыққа) артып қоймай, басқалармен күресу мен келісім жасасу заңдылықтарына мән беріп, оның бүге-шегесімен айналысуды көбейтпей, оны өзінің дұрыс орнына қою арқылы іске асырылады.

Бізге қарсы қастандықтан оның бейқамдығына қалып қалу немесе онымен дұрыс қарым-қатынас жасай алмау не Аллаһ тағала бұйырған себептерін ескермеу оның өзінен де қауіптірек.

100. ПАЙДАЛЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ

Кей *дағуатшылар* арасында кең тараған қате түсініктің бірі исламға қарсы күштердің әрдайым бір сапта тұрады деп ойлауы. Шындығында, олар кейде исламға қарсы күш біріктірсе, кейде өзара қарама- қайшылықта болады. Тіпті кей кезде олар ислам мен мұсылмандғарға пайдалы ұстанымда болулары да мүмкін. Мұндай ұстанымның артында тұрған себептері түрлі болуына қарамастан, олардың пайдасы тиюі ықтимал.

Ақылды мұсылман исламға қарсы күштерді зерттеуі тиіс. Олардың арасындағы кері ағымдарды нақты түсінуі және оларды ел мен адамдардың мүдделері үшін тиімді қолдана алуы қажет. Ал жалпылау қиялына қалу Аллаһтың заңдарына, ежелгі және қазіргі тарих ақиқаттарына қайшылық саналады. Бұл ақылдың жалқаулығы. Ол адамдарды кері ағымды бақылап, шешімдерді табу үшін ақылды істетуден қашырады. Ол нәпсінің алдауы. Ол шамалары келмейтін алпауыт күшке қарсы тұра алмаймыз деген сылтаумен адамдардың жалқаулығы мен қорқақтығын кешірімді дегенге сендіріп тастайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Коммунизм жиырмасыншы ғасырдың соңында құлады. Батыс капитализмі қазір үлкен сынақтан өтуде. Олардың үлкен қағидаттары шайқалуда, негізгі тұғырлары үлкен сұрақтың астында қалуда. Батыстағы бүгінгі ескеретін нәрсе, олардың үстемдік еткен күші кері шегінуде. Олардың құлдырау факторлары күнде байқалуда. Аллаһтың заңдары кешікпейді және ешкімге болыспайды.

Уа, ислам *дағуатшылар*ы, сендерден басқа адамзатты құтқаратын қабілетті ешкім қалмады. Сондықтан діндеріңді өз деңгейінде ұстаныңдар, замандарыңа лайықты болыңдар, елдің серкесіне айналыңдар. Өздеріңе және мұсылман мен мұсылман емес барша адамға жақсылық жасаңдар.

Сендердің жауапкершіліктерің барлығын, уақытты, орынды және адамды қамтиды. Сендердің *дағуат*тарың – Рахманның (Аллаһтың) үндеуі, жеңілдетуші, ауыртпалық пен кісенді жоюшы шариғат, барлық дүниедегі барша адамзатқа мейірім төгуші. Сондықтан өз міндеттеріңді терең түсініңдер.

Қазы емес, *дағуатшы*, арандатушы емес, түзетуші, бүлдіруші емес, тұрғызушы, өшпенді емес, мейірімді екеніндеріңді және өздеріңнің кек сақтаушы мен қатігез түрме қызметкерінің рухымен емес, әкенің балаларына, дәрігердің ауруға деген мейірімі секілді мейіріммен жұмыс жасайтындарыңды үйретіңдер.

Осылай жасағанда дұрыс жолда боласыңдар және өзгелерді де дұрыс жолға бастай аласыңдар. Аллаһтың құлдарына ең пайдалы адамдарға айналасыңдар. Ал жаратылыс Аллаһтың қамқорлығында. Олардың ең сүйкімдісі – қамқорлығындағыларға ең пайдалылары. Осылай болғанда адамдар сендерге өз қалауларыңмен жақсылыққа, нұрға, исламға жетелеу тізгінін береді.

Расында, бұл жарғы ұсынылған бірнеше қағиданы қамтиды. Ол басынан соңына дейін ұзақ тәжірибенің, үздіксіз оқудың, сыни көзқарастың, ауыртпалықтың, тағылдаманың, үздіксіз бақылаудың қорытындысы. Оны сәттілік, *дағуат* пен белсенділік амалының аумағы кеңейе түссін, пікір қайшылығының, қателіктің және жұмыссыздықтың аумағы тарыла түссін деген оймен *дағуат* ісінің жарғысы, тағылдама мен идеяның атазаңы болуы үшін жалпы мұсылмандарға, әсіресе басшыларға ұсынуды қаладық.

Бұл еңбек ислам үшін қызмет етушілердің терең зерттеуіне лайықты болар, олар зерек ойларын, қосымшаларын, араластыруларын, түзетулерін, орындарын алға не кейін қоюмен өзгертулерін, бағалауларын ұсынады деп үміттенеміз.

Бізге хат жазушы бауырларымызға олардың хаттарына көңіл бөліп, құрметпен, алғыс айтумен қабыл алатынымызға уәде береміз. Олардан бұл естелікке оларға және олардан деп қарауларын өтінеміз. Сондықтан қалағандарын жазсын. Аллаһ істеріне сауап берсін, біздің алғысымыз

шексіз.

Расында, идея ұсыну – нұр. Оны жариялау, талдау ондағы дұрыс пен бұрысты білудегі ең тура жол. *Дағуат* ісімен айналысушылардың көңілін бөлу, олардың ойларын ісімізді жақсарту мақсатында, кемелдікке жақындай түсу үшін пайдалану осыдан келіп шықты. Міне сондықтан мұны ислами ұйымдар мен мекемелерге ұсыну лайықты деп ойлаймыз. Бұл біздің оларға жасаған сыйлығымыз. Әрбір ұйым мен мекеме өз ерекшелігіне лайықтысын алар, оған қосып, дамытар. Аллаһтың қалауымен мұнда үлкен қайырлы іс бар деп ойлаймыз.

Сәттілік пен көмек бір Аллаһтан. Аллаһтан Өз разылығына қол жеткізуді, Өзіне мойынсұнуға қызмет етуді нәсіп әт деп сұраймыз. Расында, Ол барлық нәрсеге құдіретті.

ТЕРМИНДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

Та’ssil: (сөзбе-сөз) уңғы, тамырланған. Бұл қазіргі заманғы мәселе бойынша «исламдық негізді» нығайтуға исламдық көзқарас. Е.В. Лейннің арабша-ағылшынша лексикасында бұл сөзге дәйексөзден басқа дәл балама аударма ұсынылмайды. Онда: «Ол мұны берік негіз, немесе басқа нәрсе үшін негіз етіп жасады», – делінген. «Ислам негіздері».

Таухид: (сөзбе-сөз) біріктіру. Исламдық Таухид ұғымы – бұл Құдайдың бірлігі, Жалғыз Құдайға құлшылық ету, негізгі таухид ілімі және негіз қалаушы сенім.

Умма (сөзбе-сөз: Умма): Қауымдастық, ұлт. Басқаша айтқанда, сенушілер қауымы немесе жалпы мұсылман қауымы.

‘Умран: өркениет; адамның өркендеуі.

Усулуль әл-Фиқх: исламдық заң ғылымдарының негіздері, құқық философиясы; исламның қайнар көздерінен заң шығару және олардың заңдық және конституциялық жарамдылығын анықтау әдістемесі.

Бұл оқу дағуат ісін уақыт пен мекен ерекшелігін ескере отырып талдауды көздейді. Осылайша бұл іс - жер жүзін игерудегі - дүние жүзі көлеміндегі дағуат ісін, басқарудағы негізгі мақсатқа қол жеткізу барысында адамның жасырын белсенділік мүмкіндіктерін табу үшін өзінің өркениеттік дәрежесін жоймай, дағуат ісімізді дамытуға құдіретті білім, практика және әдістеме құралдарына қол жеткізуге ұмтылады.

Һишам Яхия әт-Талиб тегі Ирактың Найнауи облысындағы Маусил қаласынан. 1940 жылы дүниеге келген. 1962 жылы Ливерпуль университетінде электротехника мамандығы бойынша бакалавр дипломын алып, 1974 жылы АҚШ-тың Индиана штатындағы Лафайет қаласындағы Пердью университетінде электротехника мамандығы бойынша докторантураны бітірген.

Солтүстік Америкадағы исламға шақыру ісіне бел шеше кіріскен және бүгінге дейін осы салада қызмет етуде. Түрлі ислами ұйымдарда бірнеше лауазымды қызметтер атқарған. Мысалы, Америка Құрама Штаттары және Канада мұсылман қауымдастығындағы Көшбасшылыққа машықтану департаментінің ерікті директоры (1975-1977) (MSA). Студенттік ұйымдардағы Халықаралық ислам одағының бас хатшысы қызметін атқарған (1976) және АҚШтың іші мен сыртында көптеген көшбасшылық тренингтері мен семинарларын ұйымдастырған.

Халықаралық ислами ой институтының негізін қалаушы мүшесі (1981) және оның көптеген еңбектері бар. Мысалы, «Дәлил әт-тәдриб әл-қияди лил-амилина әл-муслимин» (Қызмет атқарушы мұсылмандарға арналған Көшбасшылықты оқыту жөніндегі нұсқаулық) атты кітабы бүгінге дейін жиырмадан астам тілге аударылған. «ӘтТәрбия әл-уәлидия: руиятун мәнһажиятун уа татбиқиятун фи әт-тәрбияти әл-усарияти» (Ата-аналық тәрбие: отбасылық тәбиедегі практикалық және әдістемелік көзқарас) кітабы. Қазіргі күні АҚШ астанасы Вашингтондағы Халықаралық исламдық идеология институтының президенті қызметін атқаруда.
Веп-сайт: hishamaltalib.com

Халықаралық ислами ой институты